Бекітемін:
Мектеп директоры
_______ С. Абдикаримова
«29» 08 2024 жыл

Келісілді:
Оқу ісінің меңгерушісі
_______ С. Досмағамбетова
«28» 08 2024 жыл

**«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды«Балақай» тобы**

**ЦИКЛОГРАММАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**ТӘРБИЕШІ:** Р. К.Усеинова

**ТОП**: «Балақай» тобы

**Тәрбиелеу білім беру процесі**
**2024-2025 оқу жылы**
**Мектепалды даярлық «Балақай» тобы**
**Қыркүйек 1-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 02.09.2024** | **Сейсенбі 03.09.2024** | **Сәрсенбі 04.09.2024** | **Бейсенбі 05.09.2024** | **Жұма 06.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі**<br>**«Менің Қазақстаным»**<br>Аптаның бірінші күні таңертең ҚР әнұраны орындалады.<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>Бір тұтас тәрбие жоспары аясында | Салемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру**<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Салемдесу<br>Жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында салт дәстүр бойынша бейнеролик көрсету**<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер.<br>Ата-анамен консультация | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу.<br>Ата-анамен консультация | Ата-аналармен балалар дың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу.<br>Ата-анамен консультация | Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке)<br>Ата-анамен консультация | Ата-аналармен жеке әңгімелесу.<br>балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.<br>Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,** | **Міндеті**: **Тілдің грамматикалық құрылымы**. | **Міндеті:** Қоршаған ортамен таныстыру, айналадағы ортаны тану | **Міндеті** Ермексаз әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді | **Міндеті:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан | .**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Ойын:** «Кімнің жұмыс орыны»<br>**Барысы**:Балаларға берілген пазыл бөліктерімен қызмет орынының бөлмесін құрастыру және сол бөлмеде жұмыс істейтің қызметкерді тауып, орналастырады<br>Қарым-қатынас іс әрекеті | **Балбақша ауласына саяхат**.<br>Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.<br>**Танымдық-зерттеу іс әрекеті** | мүсіндеу<br>Үлкен доп кіші доп суреттері арқылы.<br>1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді.<br>2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.<br>Балаларды бақылау<br>Жеке көмек беру<br>Танымдық-зерттеу іс әрекеті | тұратындығы туралы түсінік беру<br><br>Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.<br>– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?<br>–Қандай заттар бір-бірден салынған?<br>Мұнда қанша тауық бар?<br>- Қанша балапандар бар?<br>- Мына ағашта қанша алма?<br>- Ал, мына ағашта қанша алма?<br><br>**«Сызық жүргіз» ойыны**.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салыңдар.<br>**Зерттеу іс-әрекеті** | өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады<br><br>**Бір қадам әдісі бойынша жаттау.**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанға соғайық.<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Біз демалып алайық<br>**Дид.ойын: «Не жоқ?»**<br>Қай ойыншық жоқ екенін атады<br>Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Қарым-қатынас іс әрекеті |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені** | **Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені** | **Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені** | **Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені** | **Қыркүйек айының 1 аптасына арналған жаттығу кешені** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(құралсыз)** | **(құралсыз)** | **(құралсыз)** | **(құралсыз)** | **(құралсыз)** |
| **Таңғы ас** | Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін уйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Қарым-қатынас іс-әрекеті** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығу.<br>Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ<br>Мақсаты:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>Қарым-қатынас іс әрекеті | Дыбыс артикуляциясын дамытуға<br>арналған әзіл-жаңылтпаштар<br>аз-аз-аз<br>Құдықты каз.<br>Қаңқылдайды қаз.<br>Келіп қалды жаз.<br>Болып қапты жаз.<br>Атаңа хат жаз.<br>Мақсаты:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>Қарым-қатынас іс әрекеті | Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл-жаңылтпаштар<br>ер-ер-ер<br>Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>Жемістерді тер.<br>Аға соңынан ер.<br>Сұрағанын бер.<br>лау-лау-лау<br>Желбірейді жалау<br>Лапылдайды алау<br>Мақсаты:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>Қарым-қатынас іс әрекеті | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу<br>**Зерттеу іс-әрекеті «Өнегелі 15 минут» -** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br>**Зерттеу іс-әрекеті** |
| **Білім беру ұйымының кестесі** | **Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері** | **Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыс пен** | **Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөз** Сөздерді | **Көркем әдебиет Міндеті: Дыбыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Міндеті : Спортзал.**Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе- теңдік сақтау қажеттігін<br>1. Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату(№1).<br>2. Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: Мектептегі алғашқы күн**Балаларды әңгімені жалғастырып | **Міндеті: Дыбыс**Табиғидыбыстарды, жан-жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру.**«Не қалай дауыстайды?» Д/ойын**<br>**Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Мектеп бөлмелері** Мектеп туралы шағын мәтін | **сөз**Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру,олардан адамның даусын ажыратуға үйрету,дауыс ауызбен айтылып,құлақпен естілетін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»**<br>**Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Спортзалда ойнаймыз.** Ептілік, | дұрыс айтып,лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт»**<br>**Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: Денсаулықтың құпиялары.** Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу.- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң | Табиғидыбыстарды, жан- жануарлардың дыбыстарына жыратуға үйрету,сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру **«Не қалай дауыстайды?» Д/ойын**<br>**Ойын шарты:** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: Сиыр мөңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады «Жаңбыр» саусақ ойыны: Жаңбыр жауса, Тырс-тырс, Айтады гүл: – Дұрыс-дұрыс. Жаңбыр жауса, Тырс-тырс. Айтады қыр: – Ырыс-ырыс<br>**Музыка**<br>**Міндеті: Нота үйренейік**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтуға үйрету;<br>Мазмұнды жалғастыру арқылы ой- қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ<br>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді:<br>Па-па-па – парта.<br><br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің мектебім** Мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Танысу».** Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің | құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Айсұлу. – Менің атым – Айнұр. – Менің атым – Батырхан<br>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – біз қайда келдік?<br>-мектепке<br>- мектепте кімдер бар?<br>-мектепке оқушылар мен ұстаздар бар<br>- сынып бөлмелерінде нелерді көріп отырсыңдар?<br>-сынып бөлмелерінде парта, тақта, сөрелер, т.б бар.<br>Жарайсыңдар балалар<br>Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз<br>**Математика негіздері** | шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.<br>- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету<br>**«Мұқият бол» ойын жаттығуы**.<br>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.<br>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Бос орын» (5 рет)**.<br>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына бет орамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы бет орамалды алады да, | сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігінүйрету<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Қармақ». (3 рет).**<br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жербауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы<br>ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Білімің-бұлағын** | күйін әсерлі реңктерін ажырату<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**:<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев),<br>«Білімің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтыққимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер**:<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Сиқырлы ағаш»<br>**(«Дидактикалық ойындар» жинағынан**<br><br>**Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Автобус** Заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білу,жапсыру, құрастыруға,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Балалар бұл ненің даусы?<br>-Бұл машинаның даусы<br>-Жарайсыңдар балалар бүгін біздер көліктер туралы әңгімелесетін боламыз.Балалар көліктердің бірнеше түрлері бар.Әуеде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Тыңда,** көрсет, қайтала».<br>(Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс).<br>– Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді.<br>**Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Ең жақын адамдар**<br>Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту<br>-Балалар сендердің қастарыңда үнемі кімдер болады?<br>- Ата – анамыз, аға, тәте, бөпе, ата , әже т.б Балалар оларды біз неге жақындарымыз деп айтамыз. Біз балалар ол адамдармен бір шаңырақ астында тұрамыз.<br>**Сергіту сәті:** (саусақ гимнастикасы)<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, ойнайық екеуміз: | **Міндеті: Біреу-көп** Бір сөзінің мағынасымен таныстыру.<br>**Топтық жұмыс.**<br>1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Онибояңдар.<br>3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Білімің-бұлағың** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей<br>**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: | жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады<br><br>**Сөйлеуді дамыту Міндеті:Мектептегі алғашқы күн**<br>Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады<br>Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдерің өзінде доска деген сенім жайлы айтылған.<br>Достыққа адал адам, сертіне де адалболады.<br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз | **А.Шаяхметов** Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру. Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>Қанатым талмайды,<br>Қиялым самғайды.<br>Ақын да, ғалым да,<br>Ұстазсыз болмайды.<br>Мереке күніңмен,<br>Құттықтап бүгін мен,<br>Ойыма ой қосам,<br>Сен берген біліммен.<br>**Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты**: Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды<br><br>**Математика негіздері Міндеті:Заттарды ортақ қасиеті** | ұшатын,суда жүзетін, жерде жүретін. Ал енді балалар осы көліктердің ішінен автобусқа тоқталамыз.<br>-Бұл автобус<br>Енді балалар қарандаршы осы автобусты сипаттайық.<br>-Автобустың түсі қандай?<br>-Автобустың түсі қызыл<br>-Автобустың пішіні қандай?<br>-Автобустың пішіні төртбұрыш<br>-Автобустың терезелері қандай пішінді?<br>-терезелерінің пішіні төртбұрыш<br>-Ал мынау автобустың есігі есігінің ішінен адамдар кіреді.<br>-Автобустың адамдарға беретін пайдасы қандай?<br>-Автобус адамдарды баратын жерлеріне жылдам апарып тастайды.<br>-Ал мынау не балалар<br>-Машинаның дөңгелегі<br>-Дөңгелегінің түсі қандай?<br>— дөңгелегінің түсі қара<br>Жарайсыңдар балалар<br>Олай болса алдарыңдағы пішіндерден автобусты құрастырамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бас бармағым — папам, Балаң үйрек — апам, Ортан терек — ағам, Шылдыр шүмек — мен, Титтей бөбек — сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз! Балалар сендер отбасымды жақсы көреміз деп айттыңдар, ал сендер оларға көмектесесіңдер ме? Ендеше қазір тексеріп көреміз. Мен сендерді **«Мейірімді істер»** атты ойынға шақырамын.<br>Балалар менің қолымда әдемі себет бар осы себетке мейірімді істерді жинаймыз. Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек. | «Қояндар», «Аю», «Түлкі»,<br>«Қасқыр» (Т. Ломова)<br>**Билер:** «Жұптасу биі» ( чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)<br>**Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –<br>**Математика негіздері Міндеті: Біреу-көп** Бір сөзінің мағынасымен таныстыру.<br>**Топтық жұмыс.**<br>1- Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады.<br>Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>2- тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оныбояңдар.<br>тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды<br>**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру** | **бойынша топқа біріктіру** Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру.Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады: Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады.<br>Заттар тобын бір сөзбен атайды. «Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады.<br>«Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу.<br>Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с | **Қоршаған ортамен танысу Міндеті***:* **Мектеп мамандары**<br>Балалардың мектеп қызметкерлері туралы олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды<br>Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)<br>Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші)<br>Сурет салуға қылқаламдардайындадым ...(сур етші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... (дәрігер) Қанша килограмм кәмпитөлшейін?... (сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші)<br>Балалар, сендер үлкен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | | болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралыәңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. |
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Бақылау:**Жаңбырды бақылау. **Мақсаты**:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші | **Бақылау**:Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату. **Еңбек:**Ауладағы гүлдерді суару. | **Бақылау**:Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. **Мақсаты**:Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға | **Бақылау:** Желді бақылау. **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын | Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Еңбек:**Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты**:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Мақсаты**:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».**<br>**Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Қимылдық ойын: «Сұр қоян».<br>**Ойын барыс** | Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен карауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**Мақсаты**:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»**<br>Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын: «Соқыр теке».**<br>**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары | қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>**Еңбек:**Құстарға жем сауыт жасау.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық карауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан ,<br>Сезді мекен күзді олар .<br>Қарлығаштар ұшып кетті,<br>Ұшып кетті тырналар.<br>Мақсаты:Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»**<br>**Мақсаты**:Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын:** «Аттамақ».<br>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп | үдететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек: «Әдемі гүлдер»**<br>**Мақсаты:**Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел»**<br>Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».<br>Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын: «Орамал тастау».** | түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>Жеке жұмыс: « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту.<br>Қимылдық ойын: « Ақ қояным»<br>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»<br>Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ы**:Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br>Бармақ болып тоғайға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағына жуды-түртінді,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын | оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Әткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу.<br>Тренинг: «Біз тату баламыз».<br><br>Физикалық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы | ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.<br>Тренинг: «Тырналар болып ұшайық»<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы, еңбекке баулу | **Ойын барысы**:Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.<br>**Дербес ойындар:**<br>1. «Желмен | айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.<br>Дербес ойындар:<br>«Тәтті тоқаштар» пісірейік<br>«Мені қуып жет».<br>Тренинг: «Шаңырақ»<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы, еңбекке баулу<br>**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.<br>Тренинг: «Қолшатыр<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы | | | жарысайық»<br>2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру)<br>Тренинг: «Қолшатыр астында».<br>Физикалық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы | |
| **Серуеннен оралу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**<br>**Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Еңбекке баулу** |
| **Түскі ас** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы | Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Қарым-қатынас іс-әрекеті** | қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін үйрету** | **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Қарым-қатынас іс-әрекеті** | **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Қоршаған орта** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Зерттеуіс-әрекеті** | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **қарым-қатынас іс-әрекеті** | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **қарым-қатынас іс-әрекеті** | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)** | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **қарым-қатынас іс-әрекеті** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу» тәрбиешінің баланың мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелес у**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Қоршаған орта** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлемді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Міндеті:**Балаларға жиын оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшембегі заттардан тұрптындығы туралы түсінік беру.<br>**Д/О «Жапырақтарды салыстыр»**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік береді<br>**(Математика негіздері)**<br>**Балалардың дербес әрекеті**Мақсаты:<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншық тармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>Баланың дербес әрекетін қалыптастыру | **Міндеті:** Балаларға жиын оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшембегі заттардан тұрптындығы туралы түсінік беру.<br>**Д/О «Менің отбасым»**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру<br>(**Математика негіздері**)<br>**Балалардың дербес** әрекеті<br>Мақсаты:<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.<br>Баланың дербес әрекетін қалыптастыру | **Міндеті:**5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту<br>Д/О«Қасиетті жер кереметі»<br>Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау.<br>(**Математика негіздері**)<br>**Балалардың дербес әрекеті**<br>Мақсаты:<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>Баланың дербес әрекетін қалыптастыру | **Міндеті:** Көлемді санай алады, заттарды ретімен санату<br>Д/О«Тұрмыстық заттар»<br>Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру<br>(**Математика негіздері**)<br>**Балалардың дербес әрекеті**Мақсаты:<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Баланың дербес әрекетін қалыптастыру | **Міндеті:**5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту<br>Д/О «Құстар»<br>Мақсаты: Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру<br>(**Математика негіздері**)<br>**Балалардың дербес әрекеті**Мақсаты:Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>Баланың дербес әрекетін қалыптастыру |
| **Серуенге дайындық** | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ | Балаларды мейірімділікке, бір- | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | дағдыландыру<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Қыркүйек.**<br>**Карточка №1.**<br><br>**Мезгіл өзгерістерін бақылау**<br>**Ұлттық қимылды ойын:** «Ақ серек, көк серек»<br>**Мақсаты:** -Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы.<br>-Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын<br>Дамыту<br><br>Адамгершілік және паттриоттық дағды, Ұлттық құнділіктарды дарыту дағдысын қалыптастыру | **Қыркүйек.**<br>**Карточка№2.**<br><br>**Жаңбырды бақылау.**<br>**Ұлттық қимылды ойын:** «Арқан түю»<br>**Мақсаты:** - Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру;<br>-Ойын барысын түсіндіру;<br>-Сөздік қорын дамыту,қызығушылықтарын арттыру;<br>-Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу;<br>**Қошаған ортмен танысу, физикалық дағдыны дамыту** | **Қыркүйек.**<br>**Карточка №3**.<br><br>**Көлік түрлерін бақылау.**<br>**Аз қимылды ұлттық ойын:** «Бес табан»<br>**Мақсаты: -** Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру;<br>-Асық түстерін атау;<br>-Ептілікке, мергендікке баулу;<br>-Ұлтжандыққа тәрбиелеу;<br>**Жолда жүру ережелерін дамыту, Ұлттық құндылық дағдысын қалыптастыру** | **Қыркүйек.**<br>**Карточка №4.**<br><br>**Өрмекшіні бақылау**<br>**Ұлттық қимылды ойын:** «Боран»<br>**Мақсаты:** -Балаларды ұлттық ойынымен таныстыру;<br>-Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу;<br>**Жәндіктер туралы ұғымдарын кеңейту** | **Қыркүйек.**<br>**Карточка №5.**<br><br>**Бақ-бақ гүлін бақылау**<br>**Ұлттық қимылды ойын:** «Соқыр теке»<br>**Мақсаты:** -Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру.<br>-Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>-Сезімталдыққа, төрт түлік малға қамқор боуға тәрбиелеу<br>**Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерін кеңейту** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу |

Тәрбиеші: Усеинова Р.К

**Тәрбиелеу білім беру процесі**
**2024-2025 жыл**
**Мектепалды даярлық «Балақай» тобы**
**Қыркүйек 2-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 09.09.2024** | **Сейсенбі 10.09.2024** | **Сәрсенбі 11.09.2024** | **Бейсенбі 12.09.2024** | **Жұма 13.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі**<br>**«Менің Қазақстаным»**<br>Аптаның бірінші күні таңертең ҚР әнұраны орындалады.<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Салемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі** | Салемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі» -** балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>Бір тұтас тәрбие жоспары аясында | Салемдесу<br>Жаөсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру<br>Ата-анамен | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Ата-анамен | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау<br>Ата-анамен | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу<br>Ата-анамен | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу<br>Ата-анамен консультация |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | консультация | консультация<br>**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | консультация | консультация | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Міндеті:** Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету<br>**Балабақшалағы ойыншықтар**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.<br>Мәдени гигиеналық дағдылар күнделікті тазылық жұмысы,<br>Сөйлеуді дамыту | **Міндеті:** Бірқалыпты шеңбр бойымен жүру<br>**Дидактикалық ойын:** Дайын бол.<br>**Барысы:** Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с.<br>Физикалық дағдыны дамыту | **Міндеті:** Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету<br>**«Суреттер сыры »**<br>**Мақсаты:** Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту.<br>Шығармашылық іс-әрекетті дамыту | **Міндеті:**Балалар әдебиетіне , театр әлеміне өызығушылықтарын қалыптастыру<br>**Сюжеттік ойын «Педагог» сюжетті-рөлді ойынының**<br>**Мақсаты:** балалардың, педагогтың әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу.<br>**Барысы:** балалар өздері ұнатқан педагогтарының іс-әрекетін айту, педагог ретінде өзін ұстау туралы айту<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту Көркем әдебиет, сөйлемді дамыту , Эмоционалды дағдыларды қалыпт)** | **Міндеті:** Шешендікке, әдеби тілге баулу<br>**Мақал мәтелдер»**<br>**Мақсаты:** Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру<br>(Сөздің қорды дамыту, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған** | **Қыркүйек айының 12аптасына арналған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығу кешені (құралмен)** | **жаттығу кешені (құралмен)** | **жаттығу кешені (құралмен)** | **жаттығу кешені (құралмен)** | **жаттығу кешені (құралмен)** |
| **Таңғы ас** | Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **тәрбиешінің баланың мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру қарым-қатынас іс-әрекеті** | Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру қарым-қатынас іс-әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Саусақ жаттығу.<br>Құстар қанат қағады<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау **Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау |
| **Білім беру** | **Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері** | **Сауат ашу негіздері** | **Сауат ашу негіздері** | **Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Міндеті**: **Күлкі сыйла**. Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см). **Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі ***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркінтұрады | **Міндеті: Сөз.Сөздің мағынасы** Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне біоуге үйрету. **«Кім көп біледі?» ойынын ойнату**. Ойлаған сөздерінді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Біз мектепте не істейміз?**Сөздерді сөз тіркесімен айтуға сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрауға үйрету. **Сөздік ойын: *«Жалғасын тап».*** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, | **Міндеті: Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз** Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып,берілген дыбысқа сөз ойлап,оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.Педагог балаларға ыммен «отырыңдар»,«сөйлемендер», «тыныштылыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі | **Міндеті :Дауысты дыбыстар** Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. -Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші? – Не жайлы айттық? Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:Мен ойнағанды жақсы көремін** Кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту, қозғаушы есте сақтау | **Міндеті: Кішкентай бағбан М .Төрежанов** Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды **.**<br>**Музыка**<br>**Міндеті: Көңілді ырғақтар** Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің досым** Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту;Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады Педагог балаларға **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адалболады. **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».** **Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, | таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). **Музыка Міндеті: Нота үйренейік** Шығармалардыңэмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). **Ән айту**: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтыққимылдар: «Марш» (В. Дешевов) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Сиқырлы ағаш» **(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)** **Математика негіздері Міндеті:Заттарды ортақ қасиеті бойынша** | де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады). **Дене шынықтыру Міндеті:Біз күшті және ержүрекпіз**. Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу. «Біз күшті және | қабілеттерін дамыту.Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету. Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) **(10 рет).** Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).** Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады. **Көркем әдебиет Міндеті: :Күз-жомарт Е.Өтетілеуұлы** Өлеңді логикалық | **Музыка тыңдау:** «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев) **Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) **Билер**: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) **Ойындар, хороводтар:** «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) **Музыкалық аспаптаойнау:** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) **Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Алмұрт** Жолақшаларды екіге бүктеп ретімен қиып жапсыру, құрастыру суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Мақсаты**:Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк –<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті : Біздің топ** Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап»**. Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Мектеп….(әдемі, жарық, таза) Біздің (топ) Біздің топта.. (ойыншықтар көп)<br>Біздің топта. ....................(үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар.<br>Табиғат бұрышында .. | **топқа біріктіру** Дара заттарды бөлуді үйрету. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру.<br>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғысаусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созыптұр.<br>«Сақина» – бала жұдырығынтүйеді.<br>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір- бірімен түйістіреді.<br>«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсыұстайды. тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір»сөздерін | ержүрекпіз» Таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету.<br>Тепе- теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады.<br>Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды.<br>Қауіпсіздік техникасы қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Тым-тырақай» (3 рет).** Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. | екпінмен,үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістермен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: 1саны және цифры 2саны және цифры** 1және 2 цифрымен таныстыру.Заттарды санай алуға сандардың айтылу реттілігін | өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету<br>-Қазір қандай жыл мезгілі? - Күзде ағаштар қандай түске енеді?<br>-Жапырақтар қандай-қандай түске боялады? - Неге күзді «Алтын күз» деп атаймыз? Жаңа сабақпен таныстыру Бүгін қағазға өң беру аппликация жұмысын жасаймыз. 1. Бүрку 2.<br>Дымқылдау 3. Құрғақ қылқалам (Осы тәсілдермен таныстырып өту)<br>**Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай бөбектер Үлкен болып өседі.<br>**Үлгімен таныстыру** 1. Үлгімен таныстыру 2. Дайындаманы қиып алу 3. Дайындаманы төрт бөлікке бөлгізу. 4. Дайындама әртүрлі пішінді жапырақшалар. 5.<br>Контур сызығы бойымен қиғызу 6. Ақ қағаз бетіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (гүлдер) бар.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу Міндеті***:* **Мектеп мамандары** Балалардың мектеп қызметкерлері туралы олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?...(шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім) Рульді оңға бұрайын...(жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдардайындадым...(су ретші) Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін...(дәрігер) Қанша килограмм кәмпитөлшейін?... (сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші)<br>Балалар, сендер үлкен | пайдалануға қолжеткізеді.<br>Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу | Ортада ұстаушы-жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді:<br>«Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады.<br>**Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің досым**<br>Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту;<br>-Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен.<br>Дос болудың даүлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады.<br>**-**Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал.<br><br>**Математика негіздері Міндеті: 1саны және цифры 2саны және цифры** 1және 2 | үйрету.<br>(Тақтаға бір алманың суретін іледі).<br>- Тақтада қанша алма бар? (Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады)<br>- Енді қанша алма болды?<br>«Екі» деген сөзге балалардың көңілін аударады.<br>(Екі саны екі бірліктен тұратынынбалаларға айтып түсіндіреді.)<br>- Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан екі алма шықты. Осыдан соң екі санының цифрымен таныстырады. Екі санына байланысты өлең шумақтарын оқып береді<br>2 цифры:<br>Бірден кейін тұрамын<br>Бірден кейін тұрғаным.<br>Бірді бірге қосқанда,<br>Мен шығамын, шырағым.<br>- Бірінші жолақшаға бір үйректің суретін қойыңдар, екінші жолақшаға бір тауықтың суретін қойыңдар. Үйрек пен | жапырақшаларды ретімен желімдеу.<br><br>**Қоршаған орта Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады?**<br>Заттар,олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**«Айналар» ойыны.**<br>**Шарты**: жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралыәңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. | | цифрымен таныстыру.Заттарды санай алуға сандардың айтылу реттілігін үйрету.<br>Сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады. («Паровоз және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу).<br>Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі). Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5- ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 1 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейінұсынады:<br>Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: | тауық қанша болды? Екеуі тең бе?<br>- Үйректің досы келіп қасына отырды. Қанша үйрек болды? Қайсысы көп?<br>Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылаймын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бір, екі жәнет.с.с. Вагондардың әрқайсысында 1 терезе немесе терезелер жұбы бар. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру Таным, коммуникативті дағдыларды қалыптастыру | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту** | Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету Жол ережелерін үйрету |
| **Серуен** | **Бақылау:**Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады».** Мақсаты:Балаларға | **Бақылау:Ауа-райын бақылау.** **Мақсаты**: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «Таза алаң».** Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «Таза алаң».** Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** | **Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін аныктау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып | **Бақылау: Жәндіктерді бақылау.** Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. **«Қыстың қамын жаз ойла».** **Еңбек:Біздің алаң.** Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>Қимылдық ойын: «Жүзік салу»<br>Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон».**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді | **Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын: «Қасқыр мен қаздар».**<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер | Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын: «Қасқыр мен қаздар».**<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:**Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер | өтеміз», «Қоян мен қасқыр».<br>**Мақсаты:**Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>**Еңбек: «Таза алаң»**<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»**<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Көрші».<br>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br>Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің | еңбек ете білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.<br>**Мақсаты: «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б** сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>Қимылдық ойын: «Итеріспек»<br>**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау.<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Өн салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ<br>2. Әткеншек тебу.<br>Тренинг: «Құс болып ұшайық».<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет дағдысы | айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау.<br>Тренинг: «Біз біргеміз».<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет | айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау.<br>Тренинг: «Біз біргеміз».<br>Танымдық,әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.<br>Экологиялық мәдениет | артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.<br>Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан | **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>Бір тұтас тәрбие жоспары аясында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдысы<br>Адамгершілік пен отбасы құндылығын түсіндіру | дағдысы<br>Адамгершілік пен отбасы құндылығын түсіндіру | сайлайды.<br>**Дербес ойындар.**<br>Тренинг: «Біз татумыз».<br>Экологиялық мәдениет дағдысы<br>Адамгершілік пен отбасы құндылығын түсіндіру | |
| **Серуеннен оралу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Жеке гигиенаны сақтауға баулу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Еңбекке баулу** |
| **Түскі ас** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)** | Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гииенасы мәдениетін уйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету<br>**Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету Қоршаған орта** |
| **Күндізгі ұйқы** | Аудио жазба-классикалық бесік | «Табиғат дыбыстары» релаксациялық жаттығу. | гигиеналық процедуралар. Ұйқыны | «Ұйықтау уақыты келді ...» балалар рифмасын | Аудио жазба-классикалық бесік жыры |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жыры | Мақсаты: қалпына келтіру үшін ұйқы режимін орнату. | ұйымдастыруға жағдай жасау. «Ұйқы менің қуанышым...» бесік жырын тыңдау | оқу<br>(көркем әдебиет)<br>«Ұйқы менің қуанышым...» бесік жырын тыңдау | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру<br>**Мәдени – гигиеналық шараларды дамыту** | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау<br>Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау<br>**физикалық дағдыларды қалыптастыру** | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында<br>**«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гииенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы<br>әңгімелес<br>у**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету<br>**Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету Қоршаған орта** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлемді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ) |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Міндеті:**Балаларды әңгіме айтуға үйрету, затты ,суреттіөз бетінше қарап тірек суреттерді байланыстыруға уйрету<br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр»**<br>**Ойынның ережесі:** бал аларға тірек суреттер беріліп, жануардың екінші бөлігін немесе сәйкес келетін тірек б | **Міндеті:**Достық туралы түсінік беру. Достар арасында сыйластық достық, сүйіспен шілік қарым-қатынастарын қалыптастыру.<br>**Ойын:** «Сәлемдесу»<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.<br>Қарым-қатынас іс-әрекеті | **Міндеті:** Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау.Қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру<br>**«Түстер мен заттар» ойыны.**<br>Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек.<br>Қоянмен ойын.<br>**«Не қайда тұр»ойыны.** | **Міндеті :**Балалар дың назарын топ тың ішіне аудару. Топтың іші таза, ойыншықтар дың, жиһаздың, өсімдіктердің, қор шаған орта заттары ның орналасуына көңілдерін бөлу<br>**Топ бөлмесіне саяхат.**<br>Топ бөлмелерімен, ондагы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстыра- | **Ұлттық ойын(В)Тауық күрес**.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да – тек жалғыз аяғымен аксаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | елгілерін тауып, сызық арқылы қосу.<br>Мысалы: қоянның ұзын құлағы<br>кішкентай құйрық ,торғайдың тұмсығы-т.б. | | -Менің сол жағымда не отыр?<br>-Менің оң жағымда қандай аң отыр?<br>Балалардың жауаптары | ды. Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру.<br>**«Нені қайда қоямыз?»** дидактикалық ойыны. Ойыншықтарды өз орындарына қояды.<br>**Тазалық сақтау дағдыларын үйрету** | орнықты жүруін жетілдіреді. Күресушінің 1 аяғын тізесін бүгіп, мата белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.<br>**Ұлттық құндылық дағдыларын дарыту** |
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Қыркүйек. Карточка №6.**<br><br>**Құмырсқаны бақылау.**<br>**Еңбек:** Бақшадан көкөніс жинау.<br>**Мақсаты:** -ұжымдаса еңбек етуге тәрбиелеу.<br>-өздеріне ғана емес басқа балаларғада қуаныш сезімін сыйлау;<br>**Экологиялық дағдыны қалыптастыру** | **Қыркүйек. Карточка №7.**<br><br>**Өгейшөпті бақылау**<br>**Еңбек:** Емдік өсімдікті жинау.<br>**Мақсаты:** емдік өсімдіктерді дұрыс жинауға үйрету;<br>Еңбекке баулу | **Қыркүйек. Карточка№8.**<br><br>**«Ашық болса, күз де керемет» бақылау.**<br>**Ұлттық қимылды ойын:** «Түйілген орамал»<br>**Мақсаты: -**Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы;<br>Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту;<br>-Патриоттық сезімге тәрбиелеу;<br>**Адамгершілік пен** | **Қыркүйек. Карточка№9.**<br><br>**Жәндіктерді бақылау.**<br>**Зерттеу іс-шарасы:** жәндіктер азайып қалғанына назар аудару. Жәндіктердің қалай, қайда тығылатынын балаларға көрсету.<br>**Танымдық дағдыларды қалыптастыру** | **Қыркүйек. Карточка№10.**<br><br>**Желді бақылау Ұлттық қимылды ойын:** «Бөрік жасырмақ»<br>**Мақсаты: -**Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы;<br>-Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту;<br>-Отан сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>**Экологоялық дағдыларды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **отансүйгіштікке үйрету** | | **қалыптастыру** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

Тәрбиеші: Усеинова Р.К.

**Тәрбиелеу білім беру процесі**
**2024-2025 оқу жылы**
**Мектепалды даярлық «Балақай» тобы**
**Қыркүйек 3-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 16.09.2024** | **Сейсенбі 17.09.2024** | **Сәрсенбі 18.09.2024** | **Бейсенбі 19.09.2024** | **Жұма 20.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **«Менің Қазақстаным»** Аптаның бірінші күні таңертең ҚР әнұраны орындалады. **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты | Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі** **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында салт дәстүр бойынша бейнеролик көрсету** **Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Салемдесу Жаөсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арттыру<br>Бір тұтас тәрбие жоспары аясында | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br>Ата-анамен консультация | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Ата-анамен консультация | «Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру | Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылыгы туралы ата-анаға кеңес беру<br>Ата-анамен консультация | Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру<br>Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Міндеті :** Ермексазды домалату,шымшу,жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету<br>**Қоянды мүсіндеуді әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.**<br>1. Ермексазды жұмсартқызу;<br>2. Үлкен және кішкентай сопақша бөлшектерге бөлгізу;<br>3. Кішкентай сопақшалардан аяқ, қол жасату;<br>4. Барлық бөлшектерін біріктіріп, қоянды жасату.<br>1-топ ермексаздан қоян мүсіндейді. | **Міндеті:**Пішіндерді ажырату<br>**Пж ойын: «Қайтала»**<br>Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.<br>**Танымдық дағдыларды дамыту** | **Міндеті:** Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Математикалық пазл»**<br>Ойын шарты: Балалар қиынды суреттерден сандарды ретімен құрастырады.<br><br><br>**Танымдық дағдыны қалыптастыру** | **Міндеті:** Паравоз туралы өлең оқып беру. Балалардың тіл байлықтарын молайту. Паравоздың суретін ермексаздан мүсіндеу<br>Барысы: Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br>Кіріспе әңгіме<br>**Сөйлемді дамыту, шы,армашылық дағдыны дамыту** | **Міндеті:** Түрлі балалардың әрекетінде балалардың шығармашылығн дамыту<br>**Жұмбақ:**<br>Күндіз-түні күрсінеді,<br>Жүрген жері сілкінеді.<br>(Пойыз)<br>Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер алыс жолдарға шыққан кезде қандай көлік түрлерімен барғанды ұнатасыңдар.<br>Бүгін біз ермексаздан паравоздың бейнесін мүсіндейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-топ кардан бетіне саусақтармен есіп мүсіндейді.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>**Шығармашылық дағдыны қалыптастыру** | | | | Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін.<br>-Түрлі түсті ермексаздан тіктөртбұрыш жасап алып, паравоздың бейнесін мүсіндейміз.<br>-Ақ ермексаздан паравоздың терезесін мүсіндейміз. .<br>**Сөйлемді дамыту шығармашылық дағдыны дамыту** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Қыркүйек айының 3 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** |
| **Таңғы ас** | Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру<br>Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру.<br>Бата беріп барып, астан алу<br>**Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту<br>**Бата:** Асқа адалды<br>Басқа амандық<br>Денге саулық<br>Берсін аумин<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру)<br>Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру)<br>Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету)<br>Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу)<br>Тентек болып кеттің деп(Сұқ саусақпен ескерту)<br>Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу) | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br><br>**Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында салт дәстүр бойынша бейнеролик көрсету**<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:Керуе нҰлттық** ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.-<br>«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті :Жуан дауысты дыбыстар**<br>Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып тілдерін жаттықтыру. «Кім көп біледі?» ойынын ойнату. Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды | **Сауат ашу**<br>**Міндеті :Жіңішке дыбыстар**<br>Жіңішке адуысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.<br>Аққу болып ұшамыз<br>Көлге келіп қонамыз<br>Көлдің бетін құшамыз<br>Қайта самғап ұшамыз. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! | **Сауат ашу**<br>**Міндеті: Жуан,жіңішке дыбыстар** Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңікедыбыстардан тұратынын түсініктерін бекіту.<br>**Ертеңгілік шеңбері**<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті :Жемістер жыры Р.Қунақова**<br>Өлеңді мәнерлеп, логикалық екпінмен, үзілістермен айтуға дағдыландыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты**: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру<br>**«Секір-секір» (татар халқының ойыны)** (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Орамалды шығар»** (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – | көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету)<br>Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Менің ойыншықтарым**<br>Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша атауын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Ғажайып коржын». «Қуыршақтар»** коржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып | <br>Тіл ілгері қарай созылу арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жіңішке дауыстылар дейміз.<br>**Мысалы:** әже, іні, кілем, гүл, көз, кілт, кіші, түлкі сөздеріндегі дауысты дыбыстар жіңішке айтылады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті :Күзгі орманда**Қозғалыс мәнерлігін, ырғақтылығын дамыту: азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады.<br>*«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ.* | Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!<br><br>Қане , қосылып бірге айтайық<br>.<br>Суреттерді ата ,сөздердегі дауысты дыбыстарды айт.<br><br><br>Қорытындылау, кері байланыс жасау.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:Ұлттық ойындар**Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.<br>«Тастар» (орыс халқының ойыны) | кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады.<br>**Музыка**<br>**Міндеті: Біздің аспаптар** Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>Ән айту:<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>**Билер:**<br>**«**Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмырқылыш», «Жұптасу биі» (чех х.әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br>**Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Күзгі жапырақтар** Қағазға заттарды орналастыру ретімен қиып жапсыру, құрастыру, суретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады. **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті :Менің сүйікті ойыншығым**<br>Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту<br>**Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>**Ойын шарты**: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді<br><br>**Қазақ тілі** | алушылар – балалар. Диалог: Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Көңілді ырғақтар** Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. | *Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».*<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті :Менің сүйікті ойыншығым**<br>Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту **Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>**Ойын шарты**: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті:3саны және цифры 4саны және цифры** Цифрмен заттар санын сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Слайдтаарды қарап,суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді. 4-санның шығу жолын түсіндіру.<br>Сурет бойынша есеп құрастыру.<br>0-ден 4-ке дейін санау.<br>**Үлестірме материалмен жұмыс.**<br>Бірінші қатарға 3 | «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағыпалады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Кішкентай бағбан М .Төрежанов**<br>Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – | салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзе дала қандай түске боянады?<br>-Ендеше біз ермексаздан күзгі жапырақты мүсіндеуді үйренеміз! Жапырақтар<br>Қыстың жақын қалғанын<br>Жапырақтар білгендей<br>Желмен ұшып барады<br>Жерге қонып үлгермей Жапырақтар жамырап<br>Сайға барып бекінді<br>Анасынан ажырап<br>Қалған бала секілді.<br>-Ермексазбен күзгі жапырақтарды мүсіндеу жолын түсіндіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Отырып ақ орнында,<br>Айдын көлді кешемін.<br>Сен білмесең егерде,<br>Былай ескек есейін<br>-Күз мезгілінде жапырақтар қандай түске өзгереді?<br>-Шіріген жапырақтың бізге қандай пайдасы бар?<br>**Шығармашылық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **М індеті: Мектеп қызметкерлері** Мектеп қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жәй сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».** Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.<br><br>**Қоршаған орта Міндеті: Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады?** | Мендіғалиев) Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br><br>**Математика негіздері Міндеті:3саны және цифры 4саны және цифры** Цифрмен заттар санын сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру. 3 санының құрамы 1+2, 2+1, 0+3 сандарынан тұрады. 1 -Балалар біге қоян қонаққа келді. Ол сендерді бүгін жаңа цифрмен таныстыруға келіпті. Қоян сендерге жаңа санның цифрын көрсетем дейді. Мынау қандай сан? Не нәрсе бір-бірден болады? Не нәрсе екіден болады? Иә дұрыс | дөңгелек, ал екінші қатарда 1-еуі артық. Нешеуін салдыңдар? Салыстыру,теңестіру. Бос орынға сандарды қой. **Д/о: «Салыстыр,санын теңестіру» Сергіту сәті:** Ойын: « Орнын тап»,»Нешеуі артық?» | Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды.<br><br>**Математика негіздері Міндеті :5саны және цифры 6саны және цифры** Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Балалар біз тапсырмалар орындай отырып 5 санымен танысатын боламыз.<br>1 **- тапсырма.** 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау Екі тілде санау.<br>2 **- тапсырма.** Дидактикалық ойын. Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан». (1 - ден 5 - ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.) | **жұмыс:** Балалар көрсетілген үлгімен жапырақтың мүсінін жасайды.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Барлық мамандық қажет әрі маңызды** Мамандық түрлері,олардың атқаратын қызметі,қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды<br>Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?... (шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)<br>Рульді оңға бұрайын... (жүргізуші)<br>Сурет салуға қылқаламдардайындадым ...(с уретші)<br>Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Заттар,олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**«Айналар» ойыны.**<br>**Шарты**: жүргізуші сайланады, қалған балалар<br>«айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан- жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | айтасыңдар. Ал үш саны ол көп. Біздің мүмкін үш затымыз болуы мүмкін.Ал үш саны неге ұқсайды?<br>Дұрысайтасыңдар. Үш саны қандай санмен көршітұрады?<br>2.2 Балалар бізге қоянның әкелген есептері бар екен қане ойша шешіп көрейікші? Орманда тиін екі жаңғақ теріп алыпты, оған кірпі келіп тағы екі жаңғақ беріпті. Неше жаңғақ болды тиінде? Өте дұрыс балалар қане бәріміз қоянмен бірге сергіту сәтін жасайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане достым аңқайма,<br>Менен кейін қайтала.<br>Барша қимыл үш-үштен,<br>Көзіңді қыс үш рет,<br>Басыңды еңкейт үш рет.<br>Иықты көтер үш рет,<br>Солға-оңға үш рет<br>Орнында секір үш рет.<br>Ентігімізді басамыз,<br>Орнымызды табамыз.<br>**Д/ойын: «Цифрын тап»**<br>**Мақсаты:** Цифрды ажырата білуге үйрету. Балалар үш цифрын тауып оны қоршап сызады. | | **- тапсырма.**<br>Логикалықесептер<br>- Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? (1)<br>- Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету)<br>Мынау ненің суреті?<br>- Қолда қанша саусақ бар?<br>2. Ағашта 5 құс отыр, оның 2<br>- уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>3. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?<br>**Сергіту сәті:**<br>«Бала, бала, баламыз»<br>Бір серігіп алсаңдар одан әрі жалғастыру.<br>Балалар, ақылмен ойлап әр түрлі нәрселер жасауға болады екен.<br>Мынау түрлі - түсті пішіндерді қараңдаршы. Оларды қалай атаймыз. Кері байланыс: Бағдаршам әдісі | (дәрігер) Қанша килограмм кәмпитөлшейін?...<br>(сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?..<br>(тігінші)<br>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың бір мамандықты таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашақ мамандық қандай болуы мүмкін? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралыәңгімелеп, қиялыңдағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>**(Сөйлемді дамыту)** | Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>(Еңбекке баулу) | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.<br>(Көркем мінез құлық қалыптастыру) | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.<br>**Қазақстан халқы тілдері күні тақырыптық іс-шара Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Қоршаған орта |
| **Серуен** | **Бақылау: Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»**<br>Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.<br>Еңбек: Гүл шоғы.<br>Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.<br>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»<br><br>Мақсаты: Бағдаршамм | **Бақылау: Тұманды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.<br>Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.<br>Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат.<br>Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық | **Бақылау: Шықты бақылау.**<br>**Мақсаты**: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.<br>Еңбек:Ағаш бұтақтарын жинау.<br>Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату.<br>Отан –менің ата-анам,<br>Отан-досым , бауырым.<br>Отан-өлкем, астанам,<br>Отан-туған ауылым.<br>Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. | **Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс:** «Еңбекпен | **Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.**<br>Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>Еңбек: Біздің ойын алаңы<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Айырмашылықты тап» – Назар аудару және көру қабілетін дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың назар аудару қабілетін және көру арқылы қабылдауын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға екі сурет көрсетіңіз, олар бір-біріне ұқсас, бірақ кейбір айырмашылықтары бар (мысалы, 5 немесе 10 айырмашылық). Бала осы айырмашылықтарды тауып көрсетуі керек.<br>Бұл ойын баланың ұқыптылығын, назар аудару қабілетін және көру арқылы талдау қабілетін дамытады.<br>**Коммуникативті дағдыларды дамыту** | **«Қайсы артық?» – Логикалық ойлау мен талдау дағдыларын дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың логикалық ойлауын, заттарды салыстыру қабілетін және талдау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға бірнеше заттың немесе суреттің қатарын көрсетіңіз, олардың біреуі қалғандарынан ерекшеленеді. Бала артық затты немесе суретті тауып, неліктен артық екенін түсіндіруі керек.<br>Мысалы: үш алманы және бір бананды көрсету арқылы – банан артық, өйткені алмалар бірдей.<br>**Танымдық дағдыларды дамыту** | **«Есте сақта!» – Есте сақтау қабілетін дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың есте сақтау қабілетін және зейінін жақсарту.<br>**Ойын барысы:**<br>Баланың алдына бірнеше зат қойып, оларға қарауға уақыт беріңіз. Содан кейін заттарды жасырып, балаға есінде қалғандарын атауын сұраңыз.<br>Мысалы: ойыншықтар, қарындаштар немесе кез келген тұрмыстық заттар.<br>Бұл ойын баланың есте сақтау қабілетін және назарының тұрақтылығын жақсартады.<br>**Коммуникативті дағдыларды дамыту** | **«Менің күнім» – Тілдік дағдылар мен шығармашылық ойлауды дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың сөйлеу қабілетін, күн тәртібін дұрыс түсінуін және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға «Бүгін сенің күнің қалай өтті?» деген сұрақ қойып, өзінің күнін қалай өткізгені туралы әңгімелету.<br>Бала өзінің ойына сүйеніп, әр қадамын сипаттайды: таңғы ас, ойын, сабақ және т.б.<br>Бұл ойын баланың сөйлеу қабілетін, оқиғаларды есте сақтап, ретімен айту қабілетін дамытады. | **«Қай жануар қалай дыбыстайды?» – Танымдық және есту қабілетін дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың есту қабілетін және жануарлар туралы танымын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға жануарлардың дыбыстарын шығару арқылы қай жануардың қалай дыбыстайтынын сұраңыз.<br>Мысалы: мысық – «мияу», ит – «гав», сиыр – «мө».<br>Бұл ойын баланың есту қабілетін жақсартуға, жануарлар туралы білімін кеңейтуге және есту арқылы ақпаратты өңдеуге көмектеседі.<br>**Әлеуметтік дағдыларды дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Шығармашылық дағдыларды дамыту | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)** | **Қыркүйек айының 2 аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)** | **Қыркүйек айының 12аптасына арналған жаттығу кешені (құралмен)** |
| **Таңғы ас** | Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету<br>Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гииенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету<br>**Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу<br><br>**"Музыкалық шеңбер"**<br>**Мақсаты**: Балалардың музыкалық ырғақты сезуін және бірлесіп қимыл жасау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы**: Балалар шеңбер құрып тұрады, әуен қосылған кезде олар қол ұстасып, әуеннің ырғағына сай билейді. Әуен тоқтағанда, шеңбер ішіндегі бір бала ән айтып немесе би қимылын көрсетеді. Ойын осылай жалғаса береді, әр бала өз кезегімен шығады. Бұл ойын балалардың музыкалық есту қабілетін жақсартады.<br>**Музыка , физикалық дағдылардды дамыту** | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br><br>**Жол қозғалысының қауіпсіздігі**<br>**Мақсаты:** Балаларды жолда дұрыс жүріп-тұруға, бағдаршам сигналдарын тануға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балаларға бағдаршамның түстері туралы түсіндіру: қызыл — тоқта, сары — дайындал, жасыл — жүр. Жолдағы жаяу жүргіншілер жолағының маңызын түсіндіру. Ойын түрінде «Бағдаршам» ойынын ұйымдастыру: мұғалім бағдаршам түстерін айтады, балалар сол түске сәйкес әрекет жасайды (қызылда тоқтап, жасылда жүреді). | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау<br>**Өрт қауіпсіздігі**<br>**Мақсаты:** Балаларды өрттің қауіптілігі туралы ақпараттандыру және сіріңке, шам сияқты заттарға жоламау керектігін түсіндіру.<br>**Іс-әрекет:**Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау.<br>Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті :Бірінші бол**Шапшаңдық, ептілік, | **Сауат ашу**<br>**Міндеті: Ұяң дауыссыз дыбыстар** Ұяң дауыссыздарды | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті : Командалық эстафеталар**Өз денсаулығын | **Сауат ашу Міндеті: Үнді дауыссыздыбыстар** Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Әкесі мен балалары Л.Толстой** Сюжеттік біріздiлікті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбие-шінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз ор ындарына тұру.<br>Жалпы даму жаттығулары д оппен.<br>Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.<br>Түрлері:<br>-Доға астынан өту.<br>-Екі аяқпен 4-5 сызықтан секіру.<br>-Обруч ішіне допты екі қолмен лақтыру.<br>**Қимылды (ұлттық) ойын:** «Ақ серек – көк серек»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті : Отбасының күзгі еңбегі**<br>Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету; сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңбері<br>Арсысың, асыл күн!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос, Міне, менің қолым.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Бүгін аптаның нешінші күні?<br>- Суретке қарап күз мезгілінің ерекшелігін айтайықшы?<br>- Кімнің ауласында бақша бар?<br>- Бақшаларында күз мезгілінде қандай өзгерістер болып жатыр? | қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді<br>**«Шаттық шеңберіне»** шақырамын.<br>- Жарайсыңдар, балалар, көңіл - күйіміз жақсы болса, көңілді отырып сабағымызды бастаймыз. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>-Олар қандай топтар? Балалар қатаң дауыссыз дыбыстар мен әріптер естеріне сақтандар олар: П Ф К Қ Т С Ш Щ Х Ц Ч Һ- қане бәріміз қайталайық. Ал мына ұяң дауыссыз дыбыстар: Б В Г Ғ Д Ж З- қане қайталайық. Енді балалар сендер мектепке барғанда сендерге мұғалім апайларын осы қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар тұралы тағы айтып береді.<br>**Ойын «Сөйлем құра»** Балалар мана жерде көптеген заттар тұр. Не тұр айтындаршы?<br>Осы ойыншықтар қай дыбыстан басталады?<br>**Б дауыссыз ұяң дыбысы** бар енді бір затты алып сөйлем құрау керек Енді осы Б-дауыссыз ұяң дыбысы туралы бізге бейне жазба не айтады екен тындайық па?<br>Ал мына үстел де қандай ойыншықтар тұр?<br>Осы ойыншықтар қай дыбыстан басталады?<br>**Қ дауыссыз қатаң дыбыс** енді келіп сөйлем құрау керек Енді осы Қ-дауыссыз қатаң дыбысы туралы бізге бейне жазба не айтады екен тындайық.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Ойнайық та ойлайық**Меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп | сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Сапқа тұрғызу<br>- Амандасу<br>- Шынығу жаттығуын жасау.<br>Топты екіге бөлу.<br>**«Кім жылдам»**<br>Төрешінің белгісі бойынша белгіленген жерге допты жерге ұрып барып, қайтарында жүгіріп келеді. Допты келесі ойыншыға береді. Ойын осылай жалғасып,бірінші келген команда жеңімпаз болады.<br>**«Жұптасқан ұстаушылар»**<br>Төрешінің белгісі арқылы топ мүшелері екеуден жұптасып белгіленген жерге жүгіріп барып,кейін қайтады.<br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Үнді дауыссыз дыбыстар** Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету<br>Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді<br>**«Шаттық шеңберіне»** шақырамын.<br>- Жарайсыңдар, балалар, көңіл - күйіміз жақсы болса, көңілді отырып сабағымызды бастаймыз. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>-Олар қандай топтар?<br>Балалар қатаң дауыссыз дыбыстар мен әріптер естеріне сақтандар олар:<br>П Ф К Қ Т С Ш Щ Х Ц Ч Һ- қане бәріміз қайталайық. Ал мына ұяң дауыссыз дыбыстар: Б В Г Ғ Д Ж З- қане қайталайық. Енді балалар сендер мектепке барғанда сендерге мұғалім апайларын осы қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар тұралы тағы айтып береді.<br>**Ойын «Сөйлем құра»** Балалар мана жерде көптеген заттар тұр. | дыбыстардан ажыратуға үйрету<br>Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді<br>**«Шаттық шеңберіне»** шақырамын.<br>- Жарайсыңдар, балалар, көңіл - күйіміз жақсы болса, көңілді отырып сабағымызды бастаймыз. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>-Олар қандай топтар?<br>Балалар қатаң дауыссыз дыбыстар мен әріптер естеріне сақтандар олар:<br>П Ф К Қ Т С Ш Щ Х Ц Ч Һ- қане<br>бәріміз қайталайық.<br>Ал мына ұяң дауыссыз дыбыстар: Б В Г Ғ Д Ж З- қане қайталайық. Енді балалар сендер мектепке барғанда сендерге мұғалім апайларын осы қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар тұралы тағы айтып береді.<br>**Ойын «Сөйлем құра»**<br>Балалар мана жерде көптеген заттар тұр. Не тұр айтындаршы? Осы ойыншықтар қай дыбыстан басталады?<br><br>**Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті : Ерекше сабақтар**Коммуникативті құзыреттіліктерін,ептілік және шапшаңдықтарын дамыту.<br>- Сапқа тұрғызу<br>- Амандасу<br>- Шынығу жаттығуын жасау.<br>Жаттығу: «Қолға, денеге арналған массаж құралдармен»<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>- Сол қолымда бес саусақ. Бесті беске қосқанда,<br>- Болады екен он саусақ – деп қолға массаж доптарды алып, алақанға, білектерімізге жүгіртіп жаттығу жасаймыз. Содан кейін қолдан жасалған | сақтап,қисынды мазмұндауға баулу. Әңгіменің кейіпкер-лерімен таныстыру.<br>Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Шаттық шеңбер:**<br>Санамақ айту.<br>Бас бармақ-атам үйдің данасы.<br>Балаң үйрек-әжем ошақ анасы,<br>Ортан терек-әкем отау панасы,<br>Шылдыр шүмек-анам шаңырақ ажары,<br>Кішкентай бөбек –мен<br>Л.Толстой «Әкесі мен балалары» әңгімесін оқу.<br>**Сергіту сәті:** Көтеріліп шаңырақ, Керегелер керіліп. Өрімдей боп өріліп,<br>Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрініп.<br>**Сурет бойынша әңгіме құру**. Қорытындылау. (ересек)<br>- Балалар,бүгін сабақта қандай әңгіме тыңдадық?<br>- Әке деген кім?<br>-Әкеге қандай құрмет көрсету керек?<br>Балаларды бағалау,мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Күзгі жаңбыр**<br>Музыканың сипатын түсініп эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.<br>Ай жапырақ, сары алтын,<br>Айналамның бәрі алтын,<br>Қуандырып біздерді<br>Сары алтын күз келді ! -Балалар, күз мезгілі сендерге ұнай ма ?<br>Бәріміз күзгі баққа серуенге барайық. Марш (Е. Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады.<br>**Жұмбақ шешіндерші.**<br>Ағайынды бәрі, Шықса көк,<br>Түске сары. Бұл не ? Күз<br>**«Күзгі ән» үнтаспада орындалады).** -Шығарманың көңіл күйі, сипаты қандай екен ? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мына экранға слайдқа қарайықшы.<br><br><br>Балалар біз енді көргеніміз туралы әңгімелесейік<br>Есік алдын тазалап жинастырамыз. Ол үшін біз не істеуіміз керек.ьЖинаған жерді шашпай, заттарды сындырмай, жұмсағанда барып көмектесу керек екенбіз.<br>**Дидактикалық ойын : «өз құралын таңда?»**<br>Балалар ойынды қызыға ойнайды.<br>Сұра – жауап арқылы қорытындылау.<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Жидектер** Сөздерді байланыстырып,сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>Дилогке қатысуға үйрету<br><br><br>Суреттен не көргендерін айтады.<br>Балалар , біз бұларды жидектер деп айтамыз.<br>Жидектер ұсақ болып келеді.<br>Олардан адамдар тәтті тосаптар жасайды.<br>Жидектерге : қарақат, құлпынай, шие, таңқурай, смародина т.б жатады.<br>**Ойын : артық затты тап?**<br>Балалар суреттегі жидектерді атап, артық затты табады. (артық заттар жемістер)<br>**Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел | және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br>**Психологиялық дайындық**<br>Армысың , асыл күн, Армысың , асыл жер.<br>Армысың , жан досым,<br>Армысың , көк аспан Жылуыма жылу қос Болайықшы жақсы дос.<br>Бүгінгі сайысымыздың кезеңдерімен таныс болайық.<br>1.Қандай дыбыстан басталады ?<br>Сурет атауларының қандай дыбыстан басталғанын айтады.<br>2 Дауысты дыбыстарды ата?<br>Дауысты дыбыстар:<br>А,О,Ұ,Ү,І,И,Ө,Е,Ы<br>**Сергіту сәті:**<br>Көжегім тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы, Киіміңді киші, Сөмкеңді алшы, Мектепке баршы.<br>**Қарама-қарсы сөздерді ата**<br>(төмен-жоғары, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке<br>Балалар, осымен сайысымыз аяқталды. Бұл сайысқа белсене қатысып,өз білімдеріңізді көрсеттіңіз<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті :Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.**Әртүрлі заттар ұзындығы,биіктігі,ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>-Амансың ба, көк аспан<br>-Амансың ба, алтын күн<br>-Амансыз ба, достарым<br>Көңілденіп күлемін, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.<br>Өткен тақырыпты қайталау, еске түсіру.<br>-1-10 ауызша санату, цифрларды көрсету, сұрау. Сандарды | Не тұр айтындаршы?<br>Осы ойыншықтар қай дыбыстан басталады?<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті : Отбасының күзгі еңбегі**<br>Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету; сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Шаттық шеңбері** Арсысың, асыл күн! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыңа жылу қос, Міне, менің қолым.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Бүгін аптаның нешінші күні?<br>- Суретке қарап күз мезгілінің ерекшелігін айтайықшы?<br>- Кімнің ауласында бақша бар? Бақшаларында күз мезгілінде қандай өзгерістер болып жатыр<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Күз мезгілінде біз отбасымызбен бірге демалыс күндері бау – бақшадағы піскен жеміс – жидектермен, көкөністерді, дәнді дақылдарды жинайды екенбіз. Ол үшін бізге құралдар керек екен. Картопты қазу үшін күрек және картопты салу үшін қап керек.Есік алдын тазалап жинастырамыз. Бұның бәрі еңбек болып саналады балалар. Ал сендер үлкендерге көмектесіп, олардың еңбегін бағалау керек екенбіз.<br>Жинаған жерді шашпай, заттарды сындырмай, жұмсағанда барып көмектесу керек екенбіз.<br>**Сергіту сәті**<br>Тербеледі ағаштар Алдымыздан | массаж құралдарын алып арқаны уқалап жаттығу жасайды. Б. қ – қа келу.<br>-<br>- Көркем әдебиет Міндеті :Менің<br>- ойыншықтарым М.Әлімбаев Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп айтуға дағдыландыру .Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу. Сөздік қорын байыту.<br>- Шаттық шеңбер:<br>- Кішіге де сіз Үлкенге де сіз<br>- Баршаңызды құрметтеп Бас иеміз біз Ойыншықпенен денеміз Шынығамыз, өсеміз Жылдан - жылға<br>- Бір жылға<br>- Үлкен болып өсеміз Ал енді балалар бос<br>- уақыттарыңызда не істейсіңдер үйде, балабақшада?<br>- Ойнаймыз.<br>- Немен ойнайсыңдар?<br>- Ойыншықтармен.<br>- Ия, дұрыс.<br>- Балалар қарандаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар.<br>-<br>-<br>- Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелейміз.<br>Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар көптеген үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады.<br>Ойыншықтарды пластмассадан, резиннен, матадан, ағаштан, темірден жасайды.<br>Ойыншықтар жұмсақ, қатты, былқылдақ болады. **Ойын: «Артық затты тап»; «Жартысын тап»**<br>- Өте жақсы балалар. Бүгінгі оқу - қызметімізге бәріңізде жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар!<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Ұзындық.Шартты өлшеуішті пайдаланып,** | -Бұл әуеннен нені сезініп, түсіндіңдер? (балалардың жауаптарын тыңдау ). Күзгі көріністі тамашалап әңгімелейді. Терең тыныс алып, дауысты еркін шығаруға үйретеді. Алма пісіп, алмұрт түсіп, Күзде бақтар жайнайды. Құстар қайтып, қош айтысып, Қимас үнмен сайрайды. **Қимылды ән – ойын: «Етек -етек».** Ойын шартын, мәтінін алдын ала түсіндіріп үйретеді. Құстар атрибуттары қолданылады<br>**Сергіту сәті**: Жаңбыр жауды себелеп Гүлге қонды көбелек Қатты нөсер басылды Кемпірқосақ ашылды Балалар бұлт жаңбыр жауғанды жақсы көреді, қане жаңбырдың суретін салайық<br><br>**Шығармашылық бейнелеу**<br>**Міндеті: Қаз балапанымен**<br>Балалардың жалпы композиция құрастыра білу, жапсыру, суретін салу , мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Жылулық шеңбері.** “Бала, бала, балапан” Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан?<br>Саусақтарың әйбат<br>Былай – былай ойнат. Топ – топ, топ , топ болайық Жалаудан күн жасайық Жаса – жаса, жарқын күн, Жаса – жаса, алтын күн!<br>**Сұрақ – жауап**<br>Балалар тақтадан нені көріп отырсыздар?<br>Құстарды<br>-Құстардың қасындағы нелер?<br>-Балапандары<br>-Балапандарының түстері қандай?<br>-Сары, қызыл<br>-Балалар енді альбоммен жұмыс жасаймыз. Альбомда балапанның үлгісі көрсетілген. Қане бәріміз үлгіге қарап балапанды қарандашпен бояймыз .Балалар балапан туралы тақпақ айтамыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еседі,<br>Кіп - кішкентай ағаштар, Үп - үлкен боп өседі.<br>Балалар, біз бүгінгі сабақта жидектер туралы білдік.<br>Сабақ аяқталды сау болыңдар.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Нан дастарханға қалай келеді?**Нанның дастарханға келу жолын түсіндіру арқылы, дихан мен наубайшының еңбегі туралы ұғындыру.<br>**Шаттық шеңбер:** Жаңбыр, жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасың.<br>Біз ойнайтын ауланың, Тазартасың ауасын.<br>- Балалар көңіл - күйлерің қалай?<br>- Олай болса көңілді болғанда не істейсіңдер?<br>- Қол шапалақтаймыз.<br>**Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»**<br>Ойынның шарты: Берілген суреттердің ішінен нан өнімдеріне жатпайтын тағам түрлерін шығарып тастаулары керек.<br>**Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр»**<br>Ойынның шарты: Ұн, бидай, нан суреттері беріледі. Сурет астындағы сөзді оқып, ретімен орналастырулары керек.<br>**Жұмбақ жасыру:** Ұзын мұртты сарылар<br>Қойнында дәні бар. (бидай)<br>Балаларға бидайдың суретін салғызу.<br>Тыйым сөздер: 1. Нанды бір қолмен үзбе.<br>2. Нанды, дастарханды баспа.<br>3. Нанды төңкеріп тастама.<br>Нанды аяққа баспа.<br>Мағыналарын түсіндіру | заттардың салыстыру.<br><br>**І- тапсырма:** Суретке қарап не бейнеленгенін айт.Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды көк, кішкентайларын жасыл түспен қорша.<br>**ІІ-тапсырма:** Заттарды қарастыр. Оларды түсі және өлшемі бойынша жапсыр. **ІІІ-тапсырма:** Үлкен заттарды қызыл, ал кішкентайларды сары түске боя. Әр зат қайда орналасқанын айт. **Сергіту сәті** Сыңғыр - сыңғыр сырғалар, Құлағымда ырғалар. Оң қолымда білезік. Сол қолымда білезік, Қолдарымда сақина. Санап көрші, кәнекей? 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Кері байланыс жасау. | жел соғар Кіп- кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі.<br>Балалар сендер еңбек туралы мақал – мәтел білесіңдерме?<br>**Дидактикалық ойын : «өз құралын таңда?»**<br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті :Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.**Әртүрлі заттар ұзындығы,биіктігі,ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету.<br>**Шаттық шеңбері** Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп білемін **Суретпен жұмыс:**<br><br>Балалар мына суреттен нені байқадыңдар?<br>Дұрыс айтасыңдар бір ағаш дик, бір ағаш аласа. Сонымен қатар өлшем бірліктер әр түрлі болады: Биік – аласа, ұзын – қысқа, кең – тар, үлкен – кіші, жуан – жіңішке т.б<br>**Топтастыр ойыны:**<br>Ұзын қарындашты көк түсті қорапшаға сары түсті қорапшаға қысқа қарындашты саламыз.<br>**Дидактикалық ойын : «Ауыр - жеңіл"**<br><br>**кері байланыс жасау.** | **заттарды ұзындығы бойынша салыстыру** Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру.Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеумен салыстыруды үйрету.<br>Балалар кілем үстінде жарты шеңбер болып отырады.<br>Ортадағы кеңістіктегі цилиндрдің жан – жағына ұзын ленталар қойылады. Бір лента машинаның алдынан, екіншісі қуыршақтың артынан өтеді. Әр лентаның ұшында ұзындығы 20см ұшақ қойылған.<br>- Ілияс пен Айсұлу ұшақтарын ұшырды. Олар кімнің ұшағы алысқа ұшатынын білгісі келді. Олар бағананың (столбик) алдында тұрды, оның пішімі неге ұқсайды? (цилиндрге).<br>Балалар ұшақтарын әр жаққа жіберді.<br>- Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты?<br>( Сол жаққа – оң жаққа; алдында – артында.<br>- Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз?<br>Балалар өз ойларын айтады. Олар айтқан тәсілдердің бірі таңдалып, ұшақтың қашықтығы өлшенеді. Бірінші тәсіл: адым арқылы өлшеу.Ілиястың ұшағының қашықтығы Айсұлудың ұшағының қашықтығынан артық болғанын айтады.<br>**логикалық сұрақ**<br>Гүлдер бейнеленген 2 суретті көрсету. Бір суретте 9 үлкен гүл, ал екіншісінде 10 кіші гүл бейнеленген.<br>- Үлкен гүлдерді Ілияс, кіші гүлдерді Айсұлу дайындады. Кім көп гүл<br>жасады? | **“Шөжелерім” А. Торғаевтың**<br>Шөп – шөп, шөп – шөп, шөжелерім<br>Сары алтындай балапаным, Тез жетіңдер, жем беремін, Дәнге толы алақаным.<br>**Сергіту сәті: “Қаздар”**<br>Қаздар қанат қағады<br>Қаңқ –қаңқ – деп дауыстап Ұшып – ұшып алады,<br>Жем шоқиды<br>(Балалар өлең мәтініне қарай қимыл – қозғалыс жасайды)<br>**Дидактикалық ойын “ Балапанын тап ”**<br>Балалар үй құстарының (тауық, қаз, үйрек, балапандарының) суреттеріне қарап, қай балапан қайсынікі екенін тауып , қастарына қояды.<br><br>Біз не білдік?<br>Әтеш, тауық, қаз, үйрек – бұлар үй құстары. Тауық өздерінің балапандарын қорғайды. Жарайсыңдар балалар.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Менің Отаным Қазақстан** Мемлекеттік мереке - Тәуелсіздік туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады. -Балалар ,сендер қандай ән орындадыңдар? «Отан отбасынан басталады» Балалар мақал не туралы айтылған? Отан дегенді қалай түсінесіңдер балалар? Мынау Қазақстанның картасы.<br><br>Кең байтақ еліміз жерге де елге де бай мемелекет. - Балалар ,Ел басымыз кім? -Бас қаламыз қай қала? Біз қай тілде сөйлеміз? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Сергіту сәті.**<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір – біріне қарама - қарсы тұрады. Ұл балалар – бір топта, қыз балалар – екінші топта.<br>- Қай топта балалар артық?<br>- Топтағы балалардың саны олардың бойына қатысты ма?<br>Бағалау. | Ұлтымыз кім? Көркем сұлу Астанада Ақ орда,Ханшатыр,Бәйтерек орналасқан.<br>Жарайсыңдар балалар. Қазақстан республкасының рәміздері туралы білесіздер ме балалар ?<br>Балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп,әнұранымыз орындалады.<br>  <br>Ендеше балалар табиғат турал кішкене ғана Али мен Аядан үзіндіге назар аударыңдар.<br>**Кім шапашаң? Дидактикалық ойын**. Жарайсыздар ертен сендерде үлкен азамат пен азаматшалар боласындар, сонда Отанымызға ата-анамызға қызмет етіп елімізді осылай гүлдендіресіндер. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындағы балалар кітапханасы | Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру<br>Таным, коммуникативті дағдыларды қалыптастыру | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Көшеде жүру қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету<br>Жол ережелерін үйрету |
| **Серуен** | **Қазан**<br>**Серуен №6**<br>**Емдік шөптерді бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>- Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;<br>— Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>*Бақылау барысы:*<br>Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп | **Қазан**<br>**Серуен №7**<br>**Күз көрністерін бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз «КҮЗ»*<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:** | **Қазан**<br>**Серуен №8**<br>**Тастарды бақылау**<br>*Мақсаты:* Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>*Бақылау барысы*<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа | **Қазан**<br>**Серуен №9**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру.<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>*Күзгі жапырақтар.*<br>*Қ. Шаңғытбаев*<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,* | **Қазан**<br>**Серуен №10**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;<br>— Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>*- Кешкілік пе, күндіз бе,*<br>*Өсіп тұрған гүлді үзбе.*<br>*Туған жерді далаға,*<br>*Тастай алмай жүрміз бе?*<br>*Жайнап өсіп далада,*<br>*Көздің жауын ала ма?*<br>*Бірде бірін жұлғызба,*<br>*Қасыңдағы балаға.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦ Итмұрын жемісі несімен бай? *(А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..<br>-- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды. Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:* | ♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Мақсаты:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>*Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:** Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді. | сурет салуға болады? (бормен)\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>*Мақсаты:*<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О** «Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты:*<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру*<br>*Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Күзгі табиғат»*<br>*Мақал-мәтел*<br>*Асыл тастан шығады,*<br>*Ақыл жастан шығады.* | *Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>*Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:** | Тәрбиеші сұрақтары:.<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай қзгерістерге ұшырайды?<br>♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?<br>♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?<br>♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?<br>♦ Гүлдерді жұлуға бола ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).<br>**Еңбек** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу<br>*Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.*<br>**Қ/О:** «Құстар қалай ұшады?».<br>*Мақсаты: белгілі бағытқа жүгіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары** Доппен жаттығу<br>*Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру*<br>***Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;<br>— Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды;<br>— Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;;<br>— Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.<br>**Зерттеу жұмысы:** Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.<br>**Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау<br>Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу**<br>**Мақсаты; ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу** | | | Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | |
| **Серуеннен оралу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Жеке гигиенаны сақтауға баулу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Еңбекке баулу** |
| **Түскі ас** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гииенасы мәдениетін уйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету<br>**Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** |
| **Күндізгі ұйқы** | Аудио жазба-классикалық бесік жыры | «Табиғат дыбыстары» релаксациялық жаттығу.<br>Мақсаты: қалпына келтіру үшін ұйқы режимін орнату. | гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. «Ұйқы менің қуанышым...» бесік жырын | «Ұйықтау уақыты келді ...» балалар рифмасын оқу (көркем әдебиет)<br>«Ұйқы менің қуанышым...» | Аудио жазба-классикалық бесік жыры |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тыңдау | бесік жырын тыңдау | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру **Мәдени –гигиеналық шараларды дамыту** | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **физикалық дағдыларды қалыптастыру** | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Қоршаған орта** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлемді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ) |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Міндеті:**Балаларды әңгіме айтуға үйрету, затты ,суреттіөз бетінше қарап тірек суреттерді байланыстыруға үйрету **Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр»** **Ойынның ережесі:** балаларға тірек суреттер беріліп, жануа рдың екінші бөлігін немесе сәйкес келетін тірек белгілерін тауы п, сызық арқылы қосу. Мысалы: қоянның ұзын құлағ ы кішкентай құйрық ,торғайдың тұмсығы-т.б. | **Міндеті:**Достық туралы түсінік беру. Достар арасында сыйластық достық, сүйіспен шілік қарым-қатынастарын қалыптастыру. **Ойын:** «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. Қарым-қатынас іс-әрекеті | **Міндеті:** Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау.Қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру **«Түстер мен заттар» ойыны.** Балаларға доп лақтырып, бір түсті айтамын, допты алған бала сол түске сәйкес затты айту керек. Қоянмен ойын. **«Не қайда тұр»ойыны.** -Менің сол жағымда не отыр? -Менің оң жағымда қандай аң отыр? Балалардың жауаптары | **Міндеті :**Балалар дың назарын топ тың ішіне аудару. Топтың іші таза, ойыншықтар дың, жиһаздың, өсімдіктердің, қор шаған орта заттары ның орналасуына көңілдерін бөлу **Топ бөлмесіне саяхат.** Топ бөлмелерімен, ондағы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстырады. Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру. **«Нені қайда қоямыз?»** дидактикалық ойыны. Ойыншықтарды өз орындарына қояды. **Тазалық сақтау дағдыларын үйрету** | **Ұлттық ойын(В)Тауық күрес**. Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да – тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Күресушінің 1 аяғын тізесін бүгіп, мата белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады. **Ұлттық құндылық дағдыларын дарыту** |
| **Баламен жек жұмыс** | Серікбай Санжарменжұмыс А, Ә, О, Ө, Ұ, Ү, Е, И, І, Ю, Я, Э, Ы дыбыстарын созып айтқызу. **Мақсаты:** дабыстарды айту арқылы баланың тілін дамыту. **Дидактикалық ойын : «Ауыр - жеңіл"** **Мақсаты:** ауыр-жеңіл ұғымымен таныстыру. Заттарды қолмен ұстап салысытур арқылы саусақ моторикасын дамыту. тілін | Серікбай Санжарменжұмыс Нанның жасалу жолын сұрау. **Мақсаты**: нан туралы ойын кеңейту. Сұрақ қою арқылы тілін дамыту. суретпен жұмыс .  Нанның суретін боя. **Мақсаты**: саусақ моторикасын дамыту. | Серікбай Санжарменжұмыс Күз мезгіліне байланысты тілұстарту жаттығуын жасау. Мақсаты: тілін, сөздік қорын дамыту. **Тілұстарту.** Күз туралы Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. | Серікбай Санжармен жұмыс Дауысты дыбыстарды ата? **Мақсаты**: дыбыстарды айтқызу арқылы тілін дамыту, дауысты дыбыстан басталатын сурет арқылы жұмыс есте сақтауын дамыту. Дауысты дыбыстар: А,О,Ұ,Ү,І,И,Ө,Е,Ы Алма, орақ, ұшақ, үй, ірімшік, ит, өзен, ешкі, ыдыс. | Серікбай Санжарменжұмыс Күз мезгіліне байланысты тілұстарту жаттығуын жасау. Мақсаты: тілін, сөздік қорын дамыту. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Үз-Үз-Үз — Алтын күз Ақ-Ақ-Ақ – Түсті жапырақ Ән-Ән-Ән – Пісті дән **Жаңбырдың суретін бояу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br> |  | | |  |
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №6**<br>**Мысықты бақылау.**<br>**Мақсаты: -**мысық – үй жануары, сүтқоректі, анықтайтын белгілері бар екені туралы білімдерін бекіту;<br>-адам қолға үйреткен жануарға адамгершілік сезіміне тәрбиелеу;<br><br>**Мысықты бақылау**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады, сұраққа жауап беруін сұрайды.**<br>Шықпайды үйден,<br>Тоны – жібектен.<br>Күндіз ұйықтайды,<br>Түнде дамыл таппайды.<br>Аңға барады,<br>Сол аңды үйден табады.<br>(Мысық.)<br>❖ Неге мысық – үй жануары?<br>❖ Үй мысығы қалай көрінеді?<br>❖ Мысық баласын қалай атайды?<br>❖ Мысықтың қандай тұқымын білесіңдер?<br>❖ Мысық адамға қандай пайда әкеледі?<br>❖ Қандай жабайы аң үй мысығының жақын туысы?<br>❖ Мысық –жабайы жануар екенін дәлелде?<br>❖ Мысық пен иттің мінездері | **Серуен картотекасы№7**<br><br>**Бағдаршамды бақылау.**<br>**Мақсаты:** -бағдаршам жұмысы мен түстердің белгісі туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту;<br>**Бақылау жүргізу**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та.<br>Өзі сөйлей білмейді,<br>Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді.<br>(Бағдаршам)<br><br>Балаларды жол қиылысындағы бағдаршамға апару. Әңгімелеу, біз үлкен, әдемі, әсем, көшелері жалпақ және тұйық көшесі бар қалада тұрамыз. Көшеден көптеген жеңіл және жүк машиналары , автобустар жүреді, еш қайсысы бір-біріне кедергі жасамайды. Себебі оларға жолда жүру ережесі бар. Бір көшеден екінші көшеге өту қиын. Бағдаршамның белгілері көмектеседі: қызыл, сары, жасыл.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:**<br>❖ Бағдаршам не үшін қажет?<br>❖ Бағдаршамның қандай белгісінде жаяу жүргінші жүреді?<br>❖ Бағдаршамның қандай белгісінде | **Серуен картотекасы №8**<br>**Күзгі ағаштарға бақылау.**<br>**Мақсаты:** -Балалардың ағаш туралы білімдерін бекіту.<br>-Сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту.<br>-Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>- Адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br><br>**Бақылау жүргізу**<br>**Көркем сөз:**<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болар еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:**<br>❖ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>❖ Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай?<br>❖ Неге күзді Алтын күз деп атайды?<br>❖ Неге күзде жапырақтар жерге түседі?<br>❖ Жерде жатқан жапырақтар неге ұқсайды?<br>Алтын күз келді. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп жатыр. Жерге сары кілем төсеп қойғандай жұп-жұмсақ болып тұрады. Күз мезгілін «алтын күз» деп айтатын себебіміз айналаның бәрі сары түске айналады. Күз | **Серуен картотекасы №9**<br>**Жылқы жануарын бақылау.**<br>**Мақсаты: -**жылқыны көлік түрі ретінде және адамға көмек көрсететін тірі жануар туралы білімдерін қалыптастыру;<br><br>**Бақылау жүргізу**<br>**Көркем сөз:**<br>Құрық алып қолыма,<br>Қамшы салып торыға,<br>Жылқы айдаймын жайлауда,<br>Шаң ілеспей соңыма.<br><br>Жылқы төрт түліктің бірі.<br>Жылықы көмегімен адам жер жыртып, ауыр жүктерді тасыған, соғыста да ат бірнеше рет адам өмірін құтқарған. Бұл ақылды жануар біздің ата-бабамыздың ең бірінші көлігі болған.Саусаң - қымызы сусын, мінсең - көлік. Суыққа төзімді. Оның майы салқында тоңазымайды. Еті де, қымызы да ем.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:**<br>❖ Адам жылқыны не үшін үйретті?<br>❖ Ертедегі адамдарға көлік ретінде не қызмет етті?<br>❖ Біздің заманымызда жылқыны не қолданады? | **Серуен картотекасы №10**<br><br>**Тұманды бақылау.**<br>**Мақсаты:** -тұманның қайдан пайда болғанын түсіндіру;<br><br>**Бақылау жүргізу**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>Қара таудың басында,<br>Киік кетіп барады.<br>Қол-аяғы баурына,<br>Тиіп кетіп барады. (Тұман)<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:**<br>❖ Тұман деген не?<br>❖ Тұман қайдан пайда болады?<br>❖ Тұман қай жыл мезгілінде көп кездеседі?<br>Тұман ол табиғаттың керемет бір құбылысының бірі. Тұман – бұл ауадағы су кептерісі.Тұман – бұл аспандағы көретін бұлтардың бірі, бір айырмашылығы ол жер бетіне төселеді. Тұман әсіресе, жазда, күзде жиі болады. Ол жер бетін, ағаштарды аппақ түкке орайды. Әсіресе, ол таң алдында болады, күннің көзі шыққанда ол жоғалып кетеді.<br>**Ауа-райы туралы белгі:**<br>Таңертең тұман болса – ауа-райы ашық болады.<br><br>**Еңбек:** Ауланы жапырақтардан жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен қабілеттілігін салыстыр?<br><br>**Еңбек:** Бақшадағы өнімді ❖ жинау.<br>**Мақсаты:** - жинаған өнімнен ризашылық сезімдерін тәрбиелеу;<br><br>**Қимылды ойын:** «Тығылмақ»<br>**Мақсаты:** -белгі бойынша тез әрекет етуге үйрету;<br><br>**<u>Аз қимылды ұлттық ойын:</u>** «Ұшты-ұшты»<br>**Мақсаты:** - Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру;<br>-Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру;<br>-Адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br><br>***Жеке жұмыс:*** Қимылдарды дамыту.<br>**Мақсаты:** -орнында тұрып секіру;<br><br>**Экологиялық дағдыны қалыптастыру** | жолдан жүруге болмайды?<br>Не болуы мүмкін? Неге?<br>Егер бағдаршам сынып қалса оны кім ауыстыра алады? (Реттеуші)<br>Жолды кесіп мен қамдансам,<br>Қиылыста қарсы алады бағдаршам.<br>Менікіндей екеу емес, үш көзді,<br>Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң.<br><br>**Еңбек:** Сынған ағаштар мен бұтақтарды жинау.<br>**Мақсаты:** -адамдар өсімдіктерге қысқа дайындалуға көмектесу керек екені туралы білімдерін бекіту;<br><br>**Қимылды ойын:** «Бағдаршам»<br>**Мақсаты:** -бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту;<br><br>**<u>Аз имылды ұлттық ойын:</u>** «Алақан соқпақ»<br>**Мақсаты:** - Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру.<br>-Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту.<br>-Қызығушылықтарын арттыру.<br>-Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.<br><br>Еңбекке баулу<br>**Адамгершілік пен отансүйгіштікке үйрету** | мезгілінде бидай, тары, күріш, сұлы арпа дақылдары піседі.<br>**Көркем сөз:**<br>Күз мезгілі келді,<br>Жемістерін беріп тұр.<br>Жапырақтар сарғайып,<br>Құс атауы көшіп тұр.<br><br>**Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>**Мақсаты:** -еңбек етуге тірбиелеу;<br><br>**<u>Ұлттық қимылды ойын:</u>** «Арқан тарту»<br>**Мақсаты:** - Балаларға қазақ халқының әдет-ғұрыпымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу;<br>-Эстетикалық мәдениетін дамыту;<br>-Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу;<br><br>**Жеке жұмыс:** Қимылды дамыту.<br>**Мақсаты:** -кедергілерден өткенде тепе-теңдікті ұстауға үйрету;<br><br>**Адамгершілік пен отансүйгіштікке үйрету** | **Еңбек:** Әдемі жапырақтарды гербариге жинау. Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмалау.<br>**Мақсаты:** -табиғатты аялауға тәрбиелеу;<br><br>**Қимылды ойын:** «Өз жұбыңды тап»<br>**Мақсаты:** -тәрбиешінің белгісі бойынша қимылды жасау;<br>-өз жұбын тапқанда дұрыс бағдарлау;<br><br>**<u>Аз қимылды ұлттық ойын:</u>** «Сақина жасыру»<br>**Мақсаты:** - Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру;<br>- Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру;<br>-Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу;<br><br>***Жеке жұмыс:***Қимылды дамыту.<br>**Мақсаты:** -затты қашықтыққа лақтыру дағдаларын бекіту;<br><br>**Танымдық дағдыларды қалыптастыру** | **Мақсаты:** -үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу;<br><br>**Қимылды ойын:** «Доппен соқ»<br>**Мақсаты:** -нысанаға лақтыруға үйрету;<br>-тез жүгіруге дағдыларын қалыптастыру;<br><br>**<u>Аз қимылды ұлттық ойын:</u>** «Тауық күрес»<br>**Мақсаты:** - Қазақтың ұлттық ойынымен таныстыру;<br>-Ойын барысын түсіндіру;<br>-Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу;<br><br>***Жеке жұмыс:*** Жүгіру, секіру.<br>**Мақсаты:** -жүгіруде тапсырмаларды орындауға үйрету;<br>-кеңістікте бағдарлауға (жүгіргенде бағытын өзгерту,)<br>секіргенде (екі аяқпен секіру);<br><br>**Физикалық дағдыларды қалыптастыру , экологиялық мәдениет дағдысын қалыптасытру** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

**Тәрбиелеу білім беру процесі**
**2024-2025 оқу жылы**
**Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББ мектебының жанындағы «Қарлығаш» шағын орталығының «Балақай»мектепалды даярлық тобы**
**Қазан 3-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 14.10.2024** | **Сейсенбі 15.10.2024** | **Сәрсенбі 16.10.2024** | **Бейсенбі 17.10.2024** | **Жұма 18.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Менің Қазақстаным»**<br>Аптаның бірінші күні таңертең ҚР әнұраны орындалады.<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>Бір тұтас тәрбие жоспары аясында | Салемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында салт дәстүр бойынша бейнеролик көрсету**<br>**Бір тұтас тәрбие жоспары аясында** | Салемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>«Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы | Салемдесу<br>Жаөсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br>Ата-анамен консультация | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Ата-анамен консультация | «Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру | Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылыгы туралы ата-анаға кеңес беру<br>Ата-анамен консультация | Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Өз орныңды тап» – Кеңістікті қабылдау мен бағыттарды үйрену**<br>**Мақсаты:** Баланың кеңістікті бағдарлауын және өз орнын анықтай алу қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға белгілі бір бағыттар беріңіз, мысалы: «Бөлменің ортасына бар», «Оң жаққа бұрыл», «Есікке қарай жүр».<br>Бала бұл бағыттарды орындауы керек.<br>Бұл ойын баланың кеңістікті тану, бағыттарды ажырату қабілеттерін жақсартады.<br>**Шығармашылық дағдыны қалыптастыру** | **«Сандық ойнау» – Математикалық түсініктерді дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың сандарды тану, санау және математикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға белгілі бір сандарды атаңыз, мысалы, «5 алма» немесе «3 кітап». Бала бұл сандарды санау арқылы көрсетеді немесе суреттен табады.<br>Бұл ойын баланың сандарды есте сақтау, оларды қолдану және санау дағдыларын жетілдіреді.<br>**Танымдық дағдыларды дамыту**<br>**Коммуникативті дағдыны дамыту** | **«Мен кіммін?» – Жануарларды, мамандықтарды тану ойыны**<br>**Мақсаты:** Баланың қиялын, логикалық ойлау қабілетін және қоршаған орта туралы білімін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаға жануардың немесе адамның әрекетін көрсетуді сұраңыз, ал сіз немесе басқа балалар оның кім екенін табуы керек.<br>Мысалы, бала мысықтың қимылын көрсетеді, ал ересек адам немесе басқа бала бұл мысық екенін табады.<br>Бұл ойын баланың қиялын, қимыл-қозғалыс арқылы ойды жеткізу қабілетін дамытуға көмектеседі.<br>**Танымдық дағдыны** | **«Құмда ойнау» – Сенсорлық және моторлық дағдыларды дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың сенсорлық қабылдауын, ұсақ моторикасын және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Баланы құм немесе кинетикалық құммен ойнауға шақырыңыз. Ол әртүрлі формалар жасайды, құмнан үйлер, жануарлар, өзге бейнелер жасайды.<br>Бұл ойын баланың ұсақ моторикасын және сенсорлық қабылдауын дамытады.<br>**шығармашылық дағдыны дамыту, Танымдық дағдыларды дамыту** | **«Не өзгерді?» – Есте сақтау мен зейінді дамыту**<br>**Мақсаты:** Баланың есте сақтау қабілетін, назар аударуын және ұсақ бөлшектерді байқау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Баланың алдына бірнеше зат қойыңыз. Ол заттарға біраз уақыт қарап алады, содан кейін бір затты алып тастап немесе орнын ауыстырып қойыңыз. Бала не өзгергенін айтуы керек.<br>Бұл ойын есте сақтау қабілетін және назар аударуды жақсартады.<br>**шығармашылық дағдыны дамыту, Коммуникативті дағдыны дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру,Коммуникативтік дағдыны дамыту | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Қыркүйек айының 3 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** | **Қыркүйек айының 3 аптасына арналған жаттығу кешені (құралсыз)** |
| **Таңғы ас** | Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру<br>Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гииенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу<br>**Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту<br>**Бата:** Асқа адалды<br>Басқа амандық<br>Денге саулық<br>Берсін аумин<br>**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу<br>**«Көрме»**<br>Балалардың жұмысынан көрме үйымдастыру және балаларға өздері жасаған туындыларын көрсету | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br>**Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында**<br>**Көшеде Қауіпсіздік»**<br>**- Мақсаты:** Көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету.<br>**- Іс-әрекет**: Көшеде серуендеу кезінде «жасанды» көшені құрып, балаларға жүріп өту, жолды кесіп өту, жол белгілерін байқау туралы айту. | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br>**«Өнегелі 15 минут»**<br>Отбасы туралы өнегелі өсиет айту<br>Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан қомқор болады. | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау<br>**Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында**<br>**«Отпен Қауіпсіздік»**<br>**- Мақсаты:** Оттың қауіптілігін түсіндіру.<br>**- Іс-әрекет:** Балалармен бірге отқа қатысты қауіпсіздік ережелерін (оттың жанында ойнамау, шырақпен ойнамау) айтып, ойын арқылы көрсету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті :Акробат болғым келеді**Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.<br>Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Дамытушы жаттығулар жасату.<br>Төмен жүрелеп отырады да, екі аяқты сәл алшақ ұстап, екі тізені екі жаққа жіберіп , екі қолды екі аяқтың сырт жағынан еденге тіреген қалыптан бастайды: денені және қолды бүге отырып, басты еңкейте тізеге тақап, аяқпен сәл демеп аударылып | **Сауат ашу**<br>**Міндеті: Біз нені үйрендік,нені білдік?**Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Амандасу шеңбері** Үлкенге де Сіз, Кішіге де Сіз.<br>Бәріңізге құрметпен, Бас иеміз біз!<br>Қайырлы таң адамдар! Мейірімді жарандар! Біз бастаймыз оқуды, Бақылаңдар қараңдар!<br>Жарайсыңдар балалар,енді орнымызға отырайық.<br>Балалар<br>енді бәріміз мына көңілді экранға көңіл аударайық.<br>-Бұл қай мезгіл? | **Дене шынықтыру. Міндеті: Ақылдылар**Заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін бекіту.<br>Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Дамытушы жаттығулар жасату.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Біз бақытты баламыз. Шыныға да аламыз, Сәулетті елдің көгінде. Шам-шырақ боп жанамыз. Жалқаулықты тастаймыз! Шынығамыз жастай біз! Босқа тұрмай қанекей. Жаттығуды бастаймыз!<br>**Қимылды ойын: «Бұлт пен күн»**<br>**Мақсаты**: Аңғарымдылық қабілетін дамыту. | **Сауат ашу**<br>**Міндеті :Дыбыстар әлемі**<br>Дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратауды үйретуді жалғастыру **Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шеңбер жасап тұрады.<br>Тәрбиеші: Шуақ шаша<br>Алтын таңда, Мөлдір таза ауада<br>Табиғатта бәрі оянды, Оян сенде, бар бала<br>Балалар бүгін мен сендерге керемет бір қызықты әңгіме айтып бергім келіп отыр.<br>- Құлшат күнде ешкісіне шөп, су беріп қамқорлық жасап жүрді. (сурет көрсету). Бір күні ешкісі тоғайда жүрген малға | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Арыстан мен тышқан Қазақ халық ертегісі** Таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. Рөлді шығармашылықпен сахналауға баулу.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>«Кел, балалар, күлейік!»<br>**Кіріспе әңгіме.**<br>**Жұмбақ** Ұзын мұртты сарылар, Қойынында наны бар.<br>-Бидай,арпа,сұлы,тарына жалпы астық деп атайды.<br>Астық піскен кезде егін жинау науқаны басталады.-Бүгін біз Қосжан Мүсіреповтың «Алтын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | түседі. Үйрену жүйесінің келесі кезеңі – жүрелеп отырудан артқа қарай домалап асып түсу арқылы қолды тіреп тізерлеп отыру, домалап асып түсіп, аяқты алшақ қойып тіреп тұру; артқа қарай домалап түсу арқылы қолды тіреп отырғаннан кейін жоғары секіру; артқа қарай қатарынан екі – үш рет домалап асып түсу.<br>**Қимылды ойын: «Ортаға түспек»**<br>**Мақсаты**: Епті қимылдау, жылдам қозғалу, тез жүгіре алуды үйрету. Достармен қарым-қатынасын нығайту.<br>**Шарты**:Екі жақта екі адам тұрады, ортада барлық бала жүреді. Үлкен допты жермен домалату арқылы ортада жүрген балаларға тигізу. Доп тиген бала ойыннан шыға бастайды. Ең соңғы қалған бала жеңімпаз атанады.<br>**Сөйлеуді дамыту Міндеті: Күзгі жапырақтар**Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорын молайту, диалогті сөйлеуге төселдіру. **Шаттық шеңбері.** Армысың қайырымды Аспан Ата! Армысың мейірімді Жер- Ана! Армысың шұғылылы Алтын-Күн! Күліп шықты күн бүгін!<br>Қайырлы таң,қайырлы күн, Қуанышты күн бүгін!<br>Қайырлы таң апайлар, Қайырлы таң достарым!<br>-Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?<br>-Күзде құстар қайда ұшып кетеді?<br>**Тосын сәт:** Осы кезде | -Неге біз бұны күз мезгілі дейміз?<br>-<br>Кім маған күз мезгілінің ай ларын атап беремін дейді?<br>-Бұл қай мезгіл?<br>-Неге біз оны қыс мезгілі дейміз?<br>-Кім маған қыс мезгілінің айларын атап беремін дейді?<br>-Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде сауат ашуға көш ейік.<br>-Берілген карточкамен жұмыс жасайды.<br>(м,т,у,н,г,д,а,с,ү,ұ,қ,ө,о,е)әр ә ріпке байланысты түстер бойынша дауысты және дауыссыз екенін ажыратып көрсету.<br>-Сөз неден құралады?<br>-Сөйлем неден құралады?<br>-Дыбыс нешеге бөлінеді?<br>-Неге дауысты дыбыс дейміз?<br>-Неге дауыссыз дыбыс дейміз?<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Апта күндері** Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету.<br>**Амандасу.Шаттық шеңбері:** Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. Балаларды апта күндері туралы әңгімеге тарту. – Балалар, бір жылда неше мезгіл болады? – Қазір жылдың қай мезгілі? – Қыс айларын кім айтады? – Ал бүгін аптаның қай күні? – Мектепке, үйірмелерге қай күндері барасыңдар? – Сендер қай күндері демаласыңдар?<br> | Байқағыштық, зейінділік сезімдерін ояту. Ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>**Шарты**: санамақ арқылы 1 бала күн,1 бала бұлт, қалған балалар жәндіктер болады.(Қаңқыз, құмырсқа,,шегіртке, көбелек, инелік,т.б.) Әуенмен барлығы жүгіріп жүреді. Бұлт ұстаған жәндік қатып қалады. Күн қатып қалған жәндіктің аяқ арасынан еңбектеп өтіп, жібітеді.<br>**Сауат ашу**<br>**Міндеті: Біз нені үйрендік,нені білдік?**Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Амандасу шеңбері** Үлкенге де Сіз, Кішіге де Сіз.<br>Бәріңізге құрметпен, Бас иеміз біз!<br>Қайырлы таң адамдар! Мейірімді жарандар! Біз бастаймыз оқуды, Бақылаңдар қарандар!<br>Жарайсыңдар балалар,енді орнымызға отырайық.<br>Балалар<br>енді бәріміз мына көңілді экранға көңіл аударайық.<br>-Бұл қай мезгіл?<br>-Неге біз бұны күз мезгілі дейміз?<br>-<br>Кім маған күз мезгілінің айла рын атап беремін дейді?<br>-Бұл қай мезгіл?<br>-Неге біз оны қыс мезгілі дейміз?<br>-Кім маған қыс мезгілінің айларын атап беремін дейді?<br>-Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде сауат ашуға көшей ік.<br>-Берілген карточкамен жұмыс жасайды.<br>(м,т,у,н,г,д,а,с,ү,ұ,қ,ө,о,е)әр әрі пке байланысты түстер бойынша дауысты және дауыссыз екенін ажыратып көрсету.<br>-Сөз неден құралады?<br>-Сөйлем неден құралады? | қосылып кетті. Күлшат ешкісін іздеп тоғайға келеді. Бір кезде қатты жел соқты.<br>Жел соққанда қандай дыбыс шығады?<br>- У - У - У - У - У - У - У<br>Желдің әсерінен ағаштар жапырағы шулайды. Қандай дыбыс естіледі?<br>- Ш - Ш - Ш - Ш - Ш - Ш<br>Тоғай ішінде жүру өте қиын болады. Масада ызыңдап, мазасын алады. Маса қандай дыбыс шығарады?<br>- З - З - З - З - З - З<br>Күлшаттың қасына еріп келе жатқан Ақтөстің ырылдаған дыбысы естілді. Ит қандай дыбыс шығарады?<br>- Р - Р - Р - Р - Р - Р<br>Күлшат айналасына қарады. Шөп арасында басын көтеріп Ақтөске айбат шегіп тұрған жыланды байқайды. Жылан қандай дыбыс шығарды?<br>- С - С - С - С - С - С<br>Жыланды көрген Күлшат қорыққанынан өсіп тұрған ағаш артына тығылады. Сол кезде ешкінің дыбысын құлағы шалып қалады. Күлшат ешкісін шақырады.<br>- Шөре - шөре, шөре - шөре.<br>- Ия!<br>Кәне, балалар, ешкіне шақыруға көмектесейікші.<br>(Ешкі: Мә - мә) Қуанған Күлшат ешкісін айдап үйіне қайтады. Балалар сендерге әңгіме ұнайды ма?<br>Балалар жауаптары.<br>Енді балалар біз әр түрлі дыбыстар естідік. Кім қайталап айтып береді?<br>**Қызықтыру сәті:**<br>(Осы кезде үлкен шар ұшып келеді.)<br>- Балалар қарандаршы, Күлшат сендерге ойыны бар шар ұшырып жіберіпті. Бұл шардың | астық» өлеңін жаттаймыз.<br>**Сергілту сәті.**<br>Күз мезгілі астық пісті, Астықты комбайынмен орамыз.<br>Машинамен қырманға тасимыз.<br>Қамбаға әкеліп төгеміз,<br>Диірменде ұн жасаймыз.<br>Ұнды нан зауытына апарамыз,<br>Ол жерде түрлі нандар шығарады.т.б.<br>**Дәптермен жұмыс.** Дәптер бетіндегі тапсырманы балаларға түсіндіру.<br>**Балалармен жеке жұмыс**.<br>**Мақал жаттау**. «Ас атасы -нан»<br>**Кері байланыс**<br>-Алтын астық деп не үшін айтамыз?<br>-Астықты қайда жасайды<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Сабан тойды тойлаймыз** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>https://www.youtube.com/watch?v=d5zr0UGM3oM<br>**«Сабан той»** — ұлттық салт-дәстүр ішінде жомарттық пен қайырымдылықтың ынтымақтық, еңбексүйгіш елдің тағы бір қырын көрсететін еңбек мерекесі, әрі той. Мұны егінші ел жасайды. Егін бітік шығып, қырманын қызылдап, оны төкпей-шашпай, суыққа ұрындармай мезгілінде жинап алған ел күзде «Сабан той» өткізеді. Әрине мұнда да кең дастарқан жайылып, ақсақалдар бата береді . Палуан күрес, ойын-сауық түрлері өткізіледі. Не керек, жұрт қауырт жұмыстан кейін кең тыныс алып бір жасап қалады. «Сабан той» мереке әрі егіншілердің еңбек қорытындысы десе де болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуыршақ кіреді.<br>-Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті. Ол күзгі орманды аралап жапырақ жинап жүріп, қолындағы себетін бір жерге қойып кетіпті де, бірақ оны қайтадан таба алмай қалыпты. Сендер оның себетін көрдіңдерме екен деп, сұрау үшін келіпті. Естеріңе түсіріңдерші, себетті біз қайдан көрдік.<br>— Мынау ма?<br>Қуыршақ қуанып:<br>-Иә, осы қандай жақсы болды, рахмет сендерге.<br>Қуыршақ:<br>-Балалар, мен сендерге жапырақтарды алып келдім, қарандаршы, түстері қандай керемет!<br>Балалардан жапырақтардың түстерін сұрайды.<br>**Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі.<br>-Жарайсыңдар!<br>-Балалар,ойын ойнағыларың келе ме?<br>**Қ/ойын:»Кім жылдам»-деп аталады.**<br>**Шарты**:шашылған жапырақтарды себетке жинау. Ойынға қызығушылықтарын ояту.<br>Қызыл,сары,жасыл,көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>О,Алақай, тамаша!<br>Шашу шашты жапырақ.<br>Жапырақты жинап жүріп, балалар қорапша тауып алады. Қорапты ашып, ішіндегі сыйлықтарды үлестіру. Бұл сыйлықтарды сендерге Айсұлу қуыршақтың бергені деп білерсіңдер. | **Сергіту сәті .**<br>Дүйсенбіде доп ойнадық далада Сейсенбіде серуен құрдық аулада Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп Бейсенбіде би биледік әндетіп Жұма күні жұмбақ шештік Сенбі күні мультик көрдік Жексенбіде үйде болып Осылайша өте шығар 1 апта.<br>**Дидактикалық ойыны.«Апта күндері» . Ойын мақсаты:** Апта күндерді есте сақтау. Апта күндерін рет-ретімен айта білуге дағдыландыру.<br>Қазақ халқы үшін 7 қасиетті «киелі сан» сан болғандықтан топтаймыз:<br>1. Жеті ата<br>2. Жеті қазына<br>3. Жеті күн<br>4. Жеті ырыс<br>5. Жеті дәм.(Наурыз көже)<br>6. Жеті нан (7 шелпек )<br>7. Жеті жұт<br>Және «жеті қарақшы» жұлдыз атауы. Ал ертегілерден Жеті лақ ,Ақшақар мен жеті ергежелі. Кері байланыс жасау<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті: Күзгі жаңбыр**<br>Музыканың сипатын түсініп эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Күн, сәуле шашқаның үшін рақмет!<br>Ауа, таза аспаның үшін рақмет!<br>Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рақет!<br>Ағаш, көлеңкең үшін рақмет!<br>Балалар казір жылдың қай мезгілі? Күз Күздің қай айы? Қазан Дұрыс, балалар қане күз туралы тақпақтарымызды айтайықшы.<br>Балалар күзде айналаның бәрі алтын түске боялады, ағаштардың жапырақтары сарғаяды, түседі. Жеміс- жидек, | -Дыбыс нешеге бөлінеді?<br>-Неге дауысты дыбыс дейміз?<br>-Неге дауыссыз дыбыс дейміз?<br>**Сөйлеуді дамыту Міндеті: Күзгі жапырақтар**Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорын молайту, диалогті сөйлеуге төселдіру. **Серуен Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек : Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс:«Күзгі жапырақ»тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: « Аю жүрген орманда » . Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: « Монданақ » . Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ Тренинг: « Бір шаңырақ астында » .<br><br>**Математика негіздері**<br>**Міндеті: Дөңгелек.Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш.**<br>Геометриялық фигура тіктөртбұрышпен таныстыру.Геометриялық | сыртында мен айтқан дауысты дыбыстар бар екен<br>Мен қазір «А» дегенде қолдарыңды көтеріңдер.<br>«У» дегенде қолдарыңды алға созыңдар.<br>«О» дегенде қолдарыңды айқастырып кеудеге қойыңдар.<br>«И» дегенде бір қолды жоғары, бір қолды төмен созыңдар.<br>**Дене шынықтыру.**<br>**Міндеті :Бізбен бірге және бізден артықорында**Күш,ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.<br>Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Дамытушы жаттығулар жасату. Төмен жүрелеп отырады да, екі аяқты сәл алшақ ұстап, екі тізені екі жаққа жіберіп , екі қолды екі аяқтың сырт жағынан еденге тіреген қалыптан бастайды: денені және қолды бүге отырып, басты еңкейте тізеге тақап, аяқпен сәл демеп аударылып түседі. Үйрену жүйесінің келесі кезеңі – жүрелеп отырудан артқа қарай домалап асып түсу арқылы қолды тіреп тізерлеп отыру, домалап асып түсіп, аяқты алшақ қойып тіреп тұру; артқа қарай<br>домалап түсу арқылы қолды тіреп отырғаннан кейін жоғары секіру; артқа қарай қатарынан екі – үш рет домалап асып түсу.<br>**Қимылды ойын: «Сыр»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті: Әкесі мен балалары Л.Толстой** Сюжеттік бірізділікті сақтап,қисынды мазмұндауға баулу. Әңгіменің кейіпкер- лерімен таныстыру. | <br>**Сергіту сәті:**<br>Биле-биле, балақан, Домбыраның күйіне. Қане, биле, балақан, Қосылайық биіне, Шапалақтап алақан. Биле талдай бұралып, Қанатың қақ қаз болып. Өнеріңе қуанып,<br>Қол соқсын ел мәз болып. Өлең мазмұнына карай қимыл-қозғалыстар жасау.<br>**Шығармашылық бейнелеу Міндеті: Алтын балық**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қиып жапсыру,құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларынқалыптастыру<br>**Жылулық шеңбер** Тәрбиеші жайлы дауыспен, көздерін жұмып ұйқыға кететіндерін, бәрі бірдей түс көретіндерін айтады.<br>-Мөлдір тұнық- су….<br>-Сендер су астында тұнып жүрсіңдер…<br>-Жан-жақтарында түрлі әдемі балықтар…<br>Балықтардың тіршілігімен, сан алуан түрімен таныстырады: сазан, бекіре, мөңке, жайын т.б. Тәрбиеші балалар назарын үлестірмелі материалдағы «теңіз асты патшалығы» сюжетті суретке аударыңдар.<br>-Мына суретке қарандаршы не көріп тұрсыңдар?<br>-Ал, балалар су астында мекендейтін балықтарды, ұлуды, шаянды жасап жіберейік.<br>Тәрбиеші жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі.<br>**Сергіту сәті:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қорытындылау:**<br>-Жарайсыңдар балалар! Рахмет сендерге бүгінгі сабаққа барлықтарың белсенді қатыса білдіңдер, жарайсыңдар!<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті: Неше?Санау**<br>Санамақтар жаттау,тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Балалар, бір- бірімізге қарап, шашымызды,киімімізді дұрыс<br>тап әдеміленейік.<br>— Енді әдеміміз бе? Ендеше сабақ оқуға дайынб ыз ба?<br>—<br>Қане барлығымыз орнымызға жайғасайық.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>1,2,3<br>Сынып іші тып — тыныш,<br>Жалқаулықты тастаймыз<br>Сабақты біз бастаймыз!<br>Әр тапсырмалар әртүрлі пішінде келген екен.<br>**Сандарды тура және кері санау.**<br>1,2,3,4,5.5,4,3,2,1.<br>**Жұмбақ**<br>мұқият тыңдаңдар. Туысқан бес кісі Бірінен — бірі кіші. Бәрінің аты бар, Ең кішісі шеткісі. (Бес саусақ).<br>**Ауызша есептер шығару.**<br>Екі ойыншықтың біреуін,<br>Досың сұрап алды.<br>Айтшы сонда нешеуі, Өз қолыңда қалды? (1).<br>Пісіп тұрған төрт алмұрт, Екі алмұртты бұтақтан, Алып жеді Асылхан<br>Қанша қалды алмұрттан?<br>(2). Екі балапан тұр,<br>Екі балапан отыр. Шатаспай тез ойлансаң, Тұрғаны бар, | көкөністер піседі және де олардың дәрумендері көп болады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді, ал күн болса салқындайды, жел соғады,бұлттанып жаңбыр жауады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаңбыр жауды себелеп Гүлге қонды көбелек Қатты нөсер басылды Кемпірқосақ ашылды<br>Балалар бұлт жаңбыр жауғанды жақсы көреді, қане жаңбырдың суретін бояйық.<br>**Жұмбақтар:**<br>Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. *(жаңбыр)*<br>Көлігі жоқ көшеді, Өзін кезбе деседі. *(бұлт)*<br>Жөңкілді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп.<br>Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. *(найзағай)*<br>Кері байланыс<br>**Математика негіздері Міндеті: Ұзындық.Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру** Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру.Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеумен салыстыруды үйрету.<br>**Сергіту сәті «Көңілді күн»**<br>экраннан қарап тұрып қимылдармен жасайды.<br>**Суретпен жұмыс**. Балалар мынау ненің суреті ?<br>Балалар , бұл сызғыш бұнымен біз әртүрлі ұзындақтарды өлшейміз. Біз кез келген затты өлшеу арқылы оның ұзындығын білетін боламыз.<br><br>**Мысалы:** Отбасы мүшелерінің | фигураларды тануға және атауға:дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Ашық менің жүрегім. Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрген Достарым көп білемін. Балалар, маған қараңдар,<br>Шаршы мырза мен болам. Енім, ұзындығым, биіктігім<br>Қабырғаларым да тең менің.<br>Радиусыммен мені өлшейді, Мен шеңбермін, не керек. Жер шарындай шеңбермін Күн де, ай да дөңгелек.<br>— Балалар, мына пішінді шаршы деп атаймыз. Қане, қайталаңдаршы ?<br>— Шаршы.<br><br>— Балалар «Шаршы» деген төрт қабырғалары, биіктігі, ені мен ұзындықтары бірдей пішінді айтамыз. Оларды қалай теңестірсек те тең болады. Олардың бұрыштарын беттестірсек үшбұрыш болады.<br>— Ал, мына пішін – дөңгелек. Оны біз радиусы, яғни кіндігі арқылы өлшейміз. Ол пішінде қабырға да бұрыш та болмайды. Қалай дөңгелетсек те, ол домалай береді, яғни ешқандай кедергі жоқ.<br>— Қане, мынау қандай шеңбер?<br>— Үлкен бе, кіші ме?<br>— Кішкене шеңбер де, үлкен шеңбер де дөңгелейді.<br>— Осы дөңгелекке ұқсас нелерді білесіңдер?<br>Доп, терезе, алма, күн және ай сияқты пішіндер өте көп.<br>Үшбұрыш | Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Шаттық шеңбер: Санамақ айту.**<br>Бас бармақ-атам үйдің данасы. Балаң үйрек-әжем ошақ анасы, Ортан терек-әкем отау панасы, Шылдыр шүмек-анам шаңырақ ажары,<br>Кішкентай бөбек –мен<br>Л.Толстой «Әкесі мен балалары» әңгімесін оқу.<br>**Сергіту сәті:** Көтеріліп шаңырақ, Керегелер керіліп. Өрімдей боп өріліп,<br>Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрініп.<br>**Сурет бойынша әңгіме құру**.<br><br>Қорытындылау. (ересек)<br>- Балалар,бүгін сабақта қандай әңгіме тыңдадық?<br>- Әке деген кім?<br>-Әкеге қандай құрмет көрсету керек?<br>Балаларды бағалау,мадақтау<br><br>**Математика негіздері Міндеті: Дөңгелек.Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш.**<br>Геометриялық фигура тіктөртбұрышпен таныстыру.Геометриялық фигураларды тануға және атауға:дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету. **Шаттық шеңбері:**<br>Қайырлы таң, көк аспан<br>Қайырлы таң, жер ана .<br>Қайырлы таң апайлар.<br>Қайырлы таң достар. | «Өзін-өзі тану» әдістемелік құралынан.<br>Тәрбиеші балалармен әңгіме жүргізеді.<br>Теңіз астында біз көрмеген көптеген тіршілік иелері мекендейді, олардың тіршілігі біз үшін беймәлім. Балықтарды өзіміздің ауылдағы өзен-суларынан кездестіреміз.<br>-Суда жүзіп жүрген балықтарды көрдіңдерма? -Хайуанаттар бағында болдыңдарма?<br>-Балалар кімнің үйінде аквариум бар?<br>**Ұжымдық жұмыс:**<br>Теңіз асты патшалық балықтарын қағазға жапсырады. Балаларды мақтап,мадақтау.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері** Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Балаларды оқу іс-әрекетіне дайындау.Сабаққа деген зейінін психологиялық ойындар арқылы оятып,қызығушылығын арттыру. Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br>Әрина Қазақстан Республикасында тұрамыз?<br><br>Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ. Біз қай білде сөйлейміз? Әрине қазақ тілінде.<br>Ал,сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме?Әрине Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.(Суреттен көрсету)<br>Сендер мына суреттерден не көріп тұрсыңдар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырғаны Барлығы қанша балапан?<br>тапсырмалардың барлығын ж ақсы орындадыңдар.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық<br>Кездескенше күн жақсы,<br>. **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: Менің Отаным Қазақстан** Мемлекеттік мереке -Тәуелсіздік туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Шаттық шеңбері**. Қуан шаттан алақай! Қуантатын күн келді!<br>Қайырлы таң, қайырлы таң!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Суретпен жұмыс**<br><br>Балалар , біз қазақстанда тұрамыз, ол біздің Отанымыз. Біздің өз қазақ тіліміз, елордамыз. Рәміздеріміз бар<br>**Қазақстан туралы тақпақ айту**<br>Менің елім Қазақстан Бар ғой онда бәрі де: Өзен де бар, көл де бар, Орман да бар, тау да бар **Сергіту сәті:**<br>Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жеріне гүл жұпар сепкен.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем!<br>Алтын дәнді даласы бар, Ақ күмістей қаласы бар.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем!<br>**Мақал – мәтел айту.** Отан – елдің анасы».<br>« Отан – оттан да ыстық»<br>« Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас».<br>« Отанды сүю отбасынан басталады». | ұзындықтарын салыстыр.<br>Қайсысы ұзын, қайсы қысқа, қайсы орташа.<br><br>Үйлерді салыстырайық қайсысы ұзын, қайсы қысқа, қайсы орташа.<br><br>Айсұлу мен Ілияс бізге топ бөлмесін безендіру үшін жалаушалар сыйламақшы. Тәрбиеші қысқа жіп пен үлкен жалаушаларды алады. Екі бала жіпті ұстайды да, ал үшіншісі үлкен жалаушаларды іледі. Балалар жіпке неше үлкен жалауша сыйғанын санайды(5). Содан соң алдыңғы жіппен бірдей ұзындықтағы жіпке кіші жалаушалар ілінеді (10).<br>- Неге ұзындығы бірдей жіпке ілген жалаушалар саны әр түрлі болды.Тәрбиеші шартты өлшеуіш кіші болса, ұзындыққа артық сыятынын, шартты өлшеуіш үлкен болса, ұзындыққа аз сыятынына балалардың назарын аудару. **Бекіту**: Шартты өлшеуіштердің көмегімен не істеуге болады? | Үшбұрышпын мен балалар,<br>Бұрыштарымды қане, санаңдар.<br>Бүйірімдегі қос қабырғам Жалғыз табан менде бар.<br>Балалар, мына пішін неге ұқсас келеді? Түсі қандай?<br>Қызыл түсті, үйдің шатырына ұқсайды.<br>Керемет, өте жақсы таптыңдар.<br>**Сергіту сәті**<br>«Паравоз»<br>**Дидактикалық ойын:** Үйшікті құрастыру.<br>**Ойын мақсаты:** Пішіндерді дұрыс орналастару арқылы балалардың ой-өрісін дамыту.<br>Бала бойына ептілікті қалыптастыра білу.<br>Кері байланыс жасау. | Сәлематсыздарма!<br>Жарайсыңдар балалар. Бір жылда неше мезгіл бар? Дұрыс айтасыңдар, қане жыл мезгілдерін бірге қайталайық.<br>Көктем, жаз, күз, қыс.<br>Балалар , санамақ ойынын ойнайық.<br>**Санамақ** Бас бармағым-атам Балаң үйрек-әжем Ортан терек-әкем Шылдыр шүмек-анам Кішкене бөбек-мен<br>Біз үйде нешеуміз? Біз үйде бесеуміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар, Су құйсаңыз өседі.<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Орнымызғ а отырайық.<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы пішіндер»**<br>**Ойын шарты**: Ұқсас пішіндерді бірге жинау.<br>Қорытынды бөлім: Балалар бүгін біздер жыл мезгілдері және үй жануарларымен олардың төлдерімен таныстық.Бүгінгі оқу-қызметімізді әнұранмен қорытындылаймыз. | Балалар кейбір жаңадан келген балалар танығанымен толық білмеулері мүмкін,мен сендерге таныстырып өтейін.<br>Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.<br>**Қорыту:**<br>Балалар бүгінгі іс-әрекетімізде біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы ілім алдық. Кәне маған кім рәміздерді атап береді?<br>Ту және Елтаңба жайында өлең жолдарын қайталату.<br>ҚР Мемлекеттік Гимнін орындаумен аяқталады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | « Жері байдың елі бай». т.б.<br>«Отансыз адам-ормансыз бұлбұл»<br>- Жарайсыңдар, балалар | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау.<br>(Еңбекке баулу) | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.<br>(Көркем мінез құлық қалыптастыру) | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №21**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>—күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>—қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>— ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);<br>— туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>*Бақылау барысы:*<br>*Көркем сөз:*<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош иіске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br>Сұраққа жаап беріңдер:<br>♦Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>♦Қайың діңі қандай? *(ақ қара дақтармен.)*<br>♦Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? *(діңі, тамыры, бұтағы)*<br>♦Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>♦ Күзде қайың жапырағының түсі қандай? *(сары.)*<br>♦ Жазда қандай еді? *(жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)* | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №22**<br>Емдік шөптерді бақылау<br>*Мақсаты:*<br>- Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;<br>-Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>*Бақылау барысы:*<br>Тәрбиеші балаларға аландағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе?<br>Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦Итмұрын жемісі несімен бай? *(А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау 23**<br>Күз көрністерін бақылау<br>*Мақсаты:*<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз «КҮЗ»*<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>Зерттеу жұмысы<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>Еңбек<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Мақсаты:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>Қ/О:<br>«Ормандағы соқпақтар». | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №24**<br>Тастарды бақылау<br>*Мақсаты:* Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>*Бақылау барысы*<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>Зерттеу жұмысы<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және | **Қазан**<br>Серуен №25<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>*Күзгі жапырақтар.*<br>*Қ. Шаңғытбаев*<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ *Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)*<br>Д/О. «Аталған ағашта тап».<br>«Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».<br>Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>Қ/О: «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту<br>*Мақсаты*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>*Тыйым сөздер:*<br>*Ағашты кеспе*<br>*Ағаш бұтағын сындырма*<br>*Ағаш жапыраған жұлма* | гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..<br>-Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяктың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады.*<br>*Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:*<br>— Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;<br>— Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды;<br>— Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.<br>Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.<br>Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау<br>Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.<br>Қ/О: «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу.**<br>**Мақсаты: ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу** | *Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>Жеке жұмыс:<br>Жалпы дамыту жаттығулары<br>*Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>Халық болжамы: Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді. | олардан композиция құрау.<br>*Мақсаты:*<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О** «Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты:*<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру*<br>*Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Күзгі табиғат»*<br>*Мақал-мәтел :*<br>*Асыл тастан шығады,*<br>*Ақыл жастан шығады.* | жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>Еңбек<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>Қ/О: «Түлкі мен қояндар».<br>*Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* |
| **Серуеннен оралу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету** | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Жеке гигиенаны сақтауға баулу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Еңбекке баулу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдысын қалыптастыпу** | | | | |
| **Түскі ас** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | **«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | **«Ас адамның арқауы»**Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)** | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)** | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)** | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. ***Жеке бас гигиенасы мәдениетін уйрету*** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ) |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Дыбысқа қарап тап» – Есту қабілетін және зейінді дамыту** **Мақсаты:** Баланың есту қабілетін, назар аударуын және дыбыстарды тану қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Балаға көзін жұмғызып, әртүрлі дыбыстар шығарыңыз (қол шапалақтау, ысқыру, су құю және т.б.). Бала бұл дыбыстарды анықтап, олардың қайдан шыққанын табуы керек. | **«Өрнектерді жалғастыр» – Логикалық ойлау мен көрнекі қабылдауды дамыту** **Мақсаты:** Баланың логикалық ойлауын, үлгілерді қабылдауын және ойша жалғастыру қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Баланың алдына белгілі бір өрнек немесе реттілікті көрсетіңіз (мысалы, қызыл-көк-сары шарлар қатарын) және оны жалғастыруын сұраңыз. Бұл ойын баланың логикалық ойлауын және үлгілерді көрнекі | **«Ертегі құрастыру» – Шығармашылық қиялды дамыту** **Мақсаты:** Баланың қиялдау, әңгіме құрастыру және сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Балаға белгілі бір кейіпкерлер немесе заттар тізімін беріңіз (мысалы: «айдаһар», «батыр», «орман»), ол солардың негізінде ертегі ойлап табуы керек. Бұл ойын баланың шығармашылық қиялын, сөйлеу дағдыларын және қиялдау | **«Қарым-қатынас ойыны» – Әлеуметтік дағдыларды дамыту** **Мақсаты:** Баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, эмоцияларын білдіру қабілетін және ойын барысында рөлдерді орындау дағдыларын дамыту. **Ойын барысы:** Баланы өздігінен дүкенші, дәрігер немесе мұғалім рөлінде ойнауға шақырыңыз. Ол бұл рөлдерді ойнап, басқа кейіпкерлермен (қуыршақтармен немесе ойыншықтармен) диалог құра | **«Мен не істеп жатырмын?» – Қимыл-әрекетті бақылау және түсіну** **Мақсаты:** Баланың қимылды бақылау және оның мағынасын түсіну қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Сіз белгілі бір қимыл жасап көрсетесіз (мысалы, қолмен шапалақтау, секіру немесе бір затты алу), ал бала сіздің не істеп жатқаныңызды анықтап, атауы керек. Бұл ойын баланың қимылдарды бақылау, түсіну және оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл ойын есту арқылы ақпаратты талдау және зейінді дамытуға көмектеседі. | қабылдауын дамытады. | қабілетін дамытады. | алады.<br>Бұл ойын баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, өз рөлін түсінуді және басқа адамдармен әрекеттесуді үйретеді. | дұрыс сипаттау қабілеттерін дамытады. |
| **Жеке баламен жұмыс** | Сапи Ұлан мен жұмыс Математикадан тапсырма «Ұзын, қысқа» ұғымымен таныстыру.<br>**Мақсаты**: ұзын, қысқа ұғымымен таныстыру.<br>Саусақ моторикасын дамыту.<br> | Сапи Ұлан мен жұмыс **Сурет бойынша әңгіме құру**.<br>Мақсаты: күз мезгілінде болатын өзгерістермен таныстыру. Тілін дамыту.<br><br><br>Көлеңкесін тап?<br>**Мақсаты**: ойлауын, тілін, саусақ моторикасын дамыту.<br> | Сапи Ұлан мен жұмыс<br>Пішіндерді орнына орналастыр.<br>Мақсаты : баланың ойлауын, шапшаңдығын , саусақ моторикасын дамыту. Түстерді және пішіндерді ажыратуды үйрету.<br> | Сапи Ұлан мен жұмыс Суретті сөйлет<br>**Мақсаты**: тілін , сөздік қорын дамыту.<br> | Сапи Ұлан мен жұмыс Сакусақ жаттығуы.<br>**Мақсаты**: баланың ойлауын, саусақ моторикасын дамыту.<br><br> |
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №6**<br>**Мысықты бақылау.**<br>**Мақсаты: -**мысық – үй жануары, сүтқоректі, анықтайтын белгілері бар екені туралы білімдерін бекіту;<br>-адам қолға үйреткен жануарға адамгершілік сезіміне тәрбиелеу;<br><br>**Мысықты бақылау**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады, сұраққа жауап беруін сұрайды.**<br>Шықпайды үйден,<br>Тоны – жібектен.<br>Күндіз ұйықтайды,<br>Түнде дамыл таппайды.<br>Аңға барады,<br>Сол аңды үйден табады. | **Серуен картотекасы№7**<br><br>**Бағдаршамды бақылау.**<br>**Мақсаты:** -бағдаршам жұмысы мен түстердің белгісі туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту;<br>**Бақылау жүргізу**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та.<br>Өзі сөйлей білмейді,<br>Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді.<br>(Бағдаршам)<br><br>Балаларды жол қиылысындағы бағдаршамға апару. Әңгімелеу, біз үлкен, әдемі, әсем, көшелері жалпақ және тұйық көшесі бар ❖<br>қалада тұрамыз. Көшеден ❖ | **Серуен картотекасы №8**<br>**Күзгі ағаштарға бақылау.**<br>**Мақсаты:** -Балалардың ағаш туралы білімдерін бекіту.<br>-Сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту.<br>-Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>- Адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br><br>**Бақылау жүргізу**<br>**Көркем сөз:**<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болар еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:**<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ағаштардың жапырақтарының | **Серуен картотекасы №9**<br>**Жылқы жануарын бақылау.**<br>**Мақсаты: -**жылқыны көлік түрі ретінде және адамға көмек көрсететін тірі жануар туралы білімдерін қалыптастыру;<br><br>**Бақылау жүргізу**<br>**Көркем сөз:**<br>Құрық алып қолыма,<br>Қамшы салып торыға,<br>Жылқы айдаймын жайлауда,<br>Шаң ілеспей соңыма.<br><br>Жылқы төрт түліктің бірі. ❖<br>Жылықы көмегімен адам жер ❖<br>жыртып, ауыр жүктерді ❖<br>тасыған, соғыста да ат бірнеше рет адам өмірін құтқарған. Бұл ақылды жануар біздің ата-бабамыздың ең бірінші көлігі | **Серуен картотекасы №10**<br><br>**Тұманды бақылау.**<br>**Мақсаты:** -тұманның қайдан пайда болғанын түсіндіру;<br><br>**Бақылау жүргізу**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>Қара таудың басында,<br>Киік кетіп барады.<br>Қол-аяғы баурына,<br>Тиіп кетіп барады. (Тұман)<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:**<br>Тұман деген не?<br>Тұман қайдан пайда болады?<br>Тұман қай жыл мезгілінде көп кездеседі?<br>Тұман ол табиғаттың керемет бір құбылысының бірі. Тұман – бұл ауадағы су кептерісі.Тұман – бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №26**<br>**Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды. Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.<br>**Сұрақтар:** «Жапырақтар қандай түстерге боялған?» «Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»<br>**Белсенділік:** Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру. | **Серуен картотекасы№27**<br>**Бақылау: "Күннің күйі"**<br>**Мақсаты:** Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.<br>**Сұрақтар:**«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?» «Күн бізге не береді?»<br>**Белсенділік:** Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.<br>**Ойыншықтарды жинау және реттеу**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды | **Серуен картотекасы№28**.<br>**Бақылау: "Бұлттарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.<br>**Іс-әрекет:**Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды. Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.<br>**Сұрақтар:**«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?» «Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?»<br>**Белсенділік:** Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).<br><br>**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету. | **Серуен картотекасы№29**.<br>**Бақылау: "Құстарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды<br>Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.<br>**Сұрақтар:**«Қандай құстарды көрдік?» «Құстар қалай ән салады?»<br>**Белсенділік:** Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).<br>**Құстарды немесе жануарларды күту**<br>**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету. | **Серуен картотекасы№30**<br>**Бақылау: "Ағаштардың биіктігі"**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді.<br>Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.<br>**Сұрақтар:**«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?» «Жапырақтар қандай пішінде?»<br>**Белсенділік:** Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.<br>**Құммен және сумен ойнау**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар құмда немесе суда арнайы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өсімдіктерге күтім жасау**<br>**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады.<br>Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді.<br>Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.<br>**Құралдар:** кішкентай су құйғыштар, майлықтар.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )** | арнайы себетке немесе сөреге жинайды.<br>Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою).<br>**Құралдар:** ойыншықтар, ойыншықтарды жинайтын себеттер.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )** | **Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды.<br>Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді.<br>**Құралдар:** кішкентай қапшықтар, қолғаптар.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )** | **Іс-әрекет:**Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді.<br>Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін түсіндіреді.<br>**Құралдар:** құс жемі немесе балықтарға арналған жем.<br>**(Еңбекке баулу , Экомәдениетті дамыту )** | ойыншықтармен ойнап, құмнан әртүрлі пішіндер жасайды.<br>Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды.<br>**Құралдар:** құм және суға арналған ойыншықтар.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Психологтің кеңесі:<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту. |

**Тәрбиелеу білім беру процесі**
**2024-2025 оқу жылы**
**Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББ мектебінің жанындағы «Қарлығаш» шағын орталығының «Балақай» Мектепалды даярлық тобы**
**Желтоқсан 1-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 02.12.2024** | **Сейсенбі 03.12.2024** | **Сәрсенбі 04.12.2024** | **Бейсенбі 05.12.2024** | **Жұма 06.12.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Педагог Балаларды көргеніне қуанатынын, жақсы көретінін білдіруі, әрбір баланы атымен атап, жақын тартып, ол үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу. **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Қыс мезгілі болғандықтан балаларды балабақша ішінде күтіп алу, Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен  қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Қыс мезгілі болғандықтан балаларды балабақша ішінде күтіп алу Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Қыс мезгілі болғандықтан балаларды балабақша ішінде күтіп алу Жұмсақ, көңілді музыка қою арқылы баланың көңіл-күйін көтеру. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Қыс мезгілі болғандықтан балаларды балабақша ішінде күтіп алу Жақсы көңіл күй тілеу, Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **"Табиғат құбылыстарын зерттеу"** **Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортадағы қарапайым табиғат құбылыстарын бақылау арқылы ғылыми түсініктерін қалыптастыру. **Іс-әрекет:** **"Судың үш күйі" тәжірибесі:** Балаларға мұздың, судың, будың қасиеттерін түсіндіру үшін практикалық әрекет ұйымдастыру. Суық суды мұздату, оны жылыту арқылы буға айналдыру, өзгерістерді бақылау. **Ойын:"Не ерімейді?"**: Әртүрлі заттарды (қағаз, қант, тас) суға салып, олардың еруін немесе ерімеуін бақылау. **Экологиялық мәдениетті дамыту** | **"Қазақтың салт-дәстүрлерін үйрену"** **Мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық дәстүрлеріне қызығушылықты арттыру және оларды сақтауға баулу. **Іс-әрекет:** **"Қошқар мүйіз" ою-өрнегін бейнелеу:** Қағаз бетіне немесе ермексаз арқылы ұлттық ою элементтерін жасауды үйрету. **Ойын:** **"Салт-дәстүрлерді ата"**: Тәрбиеші қазақ дәстүрлерінің атауларын атайды, балалар олардың сипаттамасын айтуға тырысады (мысалы, "Тұсаукесер" немесе "Қонақжайлық"). **"Бесікке бөлеу" рөлдік ойыны:** Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты дәстүрін көрсету арқылы балаларға түсіндіру.**Ұлттық құндылықты дармыту** | **"Жақсылық жасауға баулу"** **Мақсаты:** Балаларды ізгілікке, көмек көрсетуге, айналасына мейірім танытуға үйрету. **Іс-әрекет:** **"Жақсы мен жаман іс-әрекетті ажырату":** Тәрбиеші балаларға әртүрлі өмірлік жағдайларды (ойыншықты бөлісу, досына көмектесу, қоқысты дұрыс жерге тастау) суреттейді. Балалар оларды жақсы немесе жаман деп бағалайды.**"Мейірімділік себеті"**: Әр бала жақсы іс-әрекетті бейнелейтін шағын затты себетке салады және түсіндіреді. **Өнегелі 15 минут** | **"Біздің отбасымыз – бақыт мекені"** **Мақсаты:** Балаларды отбасылық құндылықтарды бағалауға үйрету және ата-анамен бірге ойын түрінде әрекет етуге тарту. **Іс-әрекет:** **"Отбасым туралы әңгіме":** Балалар ата-аналарымен бірге отбасылық суретті салып, оны сипаттайды. **"Отбасылық дәстүр":** Әр бала өз отбасында қандай дәстүр бар екенін айтып береді (ата-ананың көмегімен). **Әке-ана мектебі** | **"Адалдық - асыл қасиет"** **Мақсаты:** Балаларды шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелеу. **Іс-әрекет:** **Әңгіме:** "Адал достық" туралы шағын әңгіме тыңдау (мысалы, адал достардың бір-біріне көмектесуі туралы). **Ойын:** **"Дұрыс-бұрыс"** Тәрбиеші балаларға әртүрлі жағдаяттарды (біреудің затын сұрамай алу, досыңа көмектесу, өтірік айту) айтып береді. Балалар "дұрыс" немесе "бұрыс" деп жауап береді. **Өнегелі 15 минут** |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу №1** **Бастапқы жаттығу:** Тыныс алу: "Қарды үрлейміз" (терең тыныс | **Таңғы жаттығу №2** **Бастапқы жаттығу:** Қолды алға созып, терең тыныс алу (2 рет). | **Таңғы жаттығу №3** **Бастапқы жаттығу:** Терең тыныс алып, қолды жоғары көтеріп-түсіріп, | **Таңғы жаттығу №4** **Бастапқы жаттығу:** Терең тыныс алып, қолды көтеріп, "Ағашқа | **Таңғы жаттығу №5** **Бастапқы жаттығу:** Терең тыныс алып, қолды жоғары көтеру (күнге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алып, жайлап шығару) – 3 рет.<br>Баспен оңға-солға бұрылу (қарды қараймыз) – 4 рет.<br>**Қозғалыс жаттығулары:**<br>"Шанамен сырғанау" (орындарында отырып-секіру) – 6 рет.<br>"Аққаланы құрау" (еңкейіп, қиялдағы қарды жинау) – 5 рет.<br>**Қол-аяқ қозғалысы:**<br>"Қар лақтырамыз" (екі қолмен доп лақтырғандай қозғалыс) – 6 рет.<br>"Қарды жинау" (еңкейіп, қолды алға созып, жоғары көтеру) – 6 рет. | "Күнге қол созамыз" (қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшында тұру) – 4 рет.<br>**Қозғалыс жаттығулары:**<br>"Аюдың қимылы" (еңкейіп, қолды жерге қойып, аюша жүру) – 5 қадам.<br>"Қоянның секіруі" (екі аяқпен секіру) – 6 рет.<br>**Қол-аяқ қозғалысы:**<br>Қолды екі жаққа жайып, "Құстар ұшады" (қолды көтеріп-түсіріп қимылдау) – 6 рет.<br>"Балапан қимылы" (қолды шынтақтан бүгіп, алдыға қарай қимылдау) – 6 рет. | "Күнге қарау" – 3 рет.<br>Денені оңға-солға бұру (аңдарды көреміз) – 4 рет.<br>**Қозғалыс жаттығулары:**<br>"Түлкі қимылы" (жүгіргендей қозғалу) – 5 рет.<br>"Қоян секіреді" (екі аяқпен алға қарай секіру) – 6 рет.<br>**Қол-аяқ қозғалысы:**<br>"Торғайлар ұшады" (қолды екі жаққа жайып қимылдау) – 6 рет.<br>"Арыстанның қозғалысы" (қолды жоғары көтеріп, аяқта тұру) – 5 рет. | қараймыз" – 2 рет.<br>Орындарында айналу (орман ішінде жүру сияқты) – 4 рет.<br>**Қозғалыс жаттығулары:**<br>"Саңырауқұлақ тереміз" (еңкейіп, қолды алға созу) – 5 рет.<br>"Ағашқа қарай секіру" (екі аяқпен орындарында секіру) – 6 рет.<br>**Қол-аяқ қозғалысы:**<br>"Жапырақтар тербеледі" (қолды жоғарыдан төменге қимылдату) – 6 рет.<br>"Ағаштардың тербелуі" (денені оңға-солға тербету) – 4 рет | қарап) – 3 рет.<br>Басты алға және артқа бұру (сергиміз) – 4 рет.<br>**Қозғалыс жаттығулары:**<br>"Жаттығу жасаймыз" (орындарында жүру) – 6 рет.<br>"Шаңғымен сырғанау" (аяқтарды алма-кезек қою) – 6 рет.<br>**Қол-аяқ қозғалысы:**<br>"Қар лақтырамыз" (екі қолмен алға сермеу) – 6 рет.<br>"Денемізді қыздырамыз" (денені оңға және солға бұру) – 6 рет. |
| **Таңғы ас** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету<br>**Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | Гигиеналық шараларды ұйымдастыру, балаларды дербестікке баулу: қолдарын ескертусіз өздігінен жуу, негізгі ережелерді сақтау. Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br><br>**Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету.<br>Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді.<br><br>**Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет").<br>Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу.<br>**Кесте бойынша кезекшілікті орындау**<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | Тамақтану кезінде балалардан толық тыныштықты талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпай, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару<br>**Кесте бойынша кезекшілікті орындау**<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Сауат ашу<br>Міндеті: Сөздерді буынға бөлеміз Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру,берілген буынға сөз құрауды үйрету. Психологиялық дайындық Күндей жарқырап,<br>Айдай арайлап.<br>Жұлдыздай жарқырап<br>Судай мөлдір көңілмен<br>Бүгінгі сабағымызды бастайық.<br>Сұрақ- жауап сағаты.<br>Дыбыс дегеніміз не?<br>Әріп дегеніміз не?<br>Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстарды ата.<br>Дауыссыз дыбыстарды ата. 6.Ата, әже, ана,бала сөздерін жаз.<br>Суретпен жұмыс.<br>Алма, шар, тау.<br>Логикалық тапсырмалар<br><br>Дене тәрбиесі . Міндеті :Тату-тәтті баламыз! Қозғалыс үйлесімділігін дамыту,қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін қалыптастыру. Б.қ: негізгі | Дене тәрбиесі<br>Міндеті:Тату-тәтті баламыз!Қозғалыс үйлесімділігін дамыту,қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін қалыптастыру. Б.қ: негізгі тұрыс.<br>қолды екі жаққа созу:<br>Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>қолды екі жаққа созу;<br>бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>алға иіліп, қол шапалақтау;<br>түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>қолды екі жаққа созу;<br>алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>« Аңшылар мен қояндар » | Сауат ашу<br>Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу<br>Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>Суретті үлгі<br>бойынша алмасөзіне дыбыстық талдау жасату.<br>Сонымен, алма сөзінде неше дыбыс бар екен, ондағы дыбыстарды атаңдар.<br>Алма сөзінде неше дауысты дыбыс бар?<br>Мен неше бөлікке бөліпайтамын, мұқият тыңдаңдар.<br>Ал-<br>ма,бірінші ал бөлігіналбуыны, ал екінші ма бөлігің -ма буыны деп айтамыз.<br>-Алма сөзі неше буыннан тұрады? Әр буынын атап айт. Екі буыннан.<br>Бірінші ал, екінші -<br>ма буыны. Алма сөзін буындап айтқызу.<br>Раушан, ата, ай, көбелек сөздерін буынға бөліп айтқызу. Рау-шан, а-та, ай, кө-бе-лек.<br>Балалардың өздеріне жеке сөздер ойлатып, буынға | Көркем әдебиет<br>Міндеті: Тәуелсіздігіміз мәңгілік Ә.Дәулеткелді Сюжеттік бірізділікті сақтап,көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.<br>Шаттық шеңбері<br>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз.<br>Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады.<br>Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз<br>Отан жайлы болмақ.<br>«Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Әр адамның өз Отаны болады.<br>Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.<br>Отан біздің атамекеніміз.<br>Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта.<br>Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі. | Қазақ тілі<br>Міндеті: Еліміздің астанасы-Нұр-сұлтан Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,тақпақ жаттау.Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз басқа оқу іс – әрекеттеріне қарағанда ерекше. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Гүлдене бер НҰР сұлтан» деп аталады.<br>Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдарма?<br>Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар.<br>Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br>Елордамыз қай қала?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз.<br>Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасыңдар?<br>Ақ орда -Елбасшымыз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұрыс.<br>қолды екі жаққа созу:<br>Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>қолды екі жаққа созу;<br>бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>алға иіліп, қол шапалақтау;<br>түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2- алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>« Аңшылар мен қояндар »<br>Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қо рғануға үйрету.<br>Ойын мазмұны: Алаңның бі р жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіл енеді. Әрбір үйде 2-<br>3 қоян болады.<br>Белгі бойынша қояндар үйін ен шығып, жайылымда қос аяқтап, | Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорға нуға үйрету.<br>Ойын мазмұны: Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгілен еді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады.<br>Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгі реді. Аңшы бала<br>оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған бол ып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады<br><br>Сауат ашу<br>Міндеті: Сөздерді буынға бөлеміз Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру,берілген буынға сөз құрауды үйрету.<br>Психологиялық дайындық<br>Күндей жарқырап, Айдай арайлап.<br>Жұлдыздай жарқырап<br>Судай мөлдір көңілмен<br>Бүгінгі сабағымызды бастайық.<br>Сұрақ- жауап сағаты.<br>Дыбыс дегеніміз не?<br>Әріп дегеніміз не?<br>Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстарды ата. | бөлдіріп, неше буын екенін айтқызу.<br>3.Өте жақсы, балалар. Жұмбақбай атай сендерге енді жұмбақ жасырмақшы. Судан ол қорқады, Бұдан кір қорқады.<br>Сабын сөзін буынға бөлгізу. (Са-бын)<br>Сергіту сәтін өткізу.<br>Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне біздер қандаймыз!<br>Бөлінбейді іргеміз,<br>Әрқашанда біргеміз.<br>.Енді, балалар, сендерге атайларың «Қай буынды жоғалттым?» ойынын ұсынғысы келіп отыр екен. Енді бәріміз осы ойынды ойнау арқылы аталарыңа көмектесіп, жоғалған буынын тауып жіберейік. Мен қазір сендерге бір буын айтам, сендер сөздің соңғы буынын табасыңдар. Мысалы: са-ғат а-ғаш мы-сық, кү-шік т.б.<br>Дәптермен жұмыс: (піл, доп, қаз, мы-сық, түл-кі, кү-шік, арыс-тан, кө-бе-лек, жа- пырақ, кі-тап-ха-на, дә-рі-ха- на) суреттегі сөздерді буынға бөлу.<br>Неше буыннан тұратынын айту керек.<br>Үзік сызықпен берілген дөңгелектерді сызып шығу | Біздің Отанымыз- Қазақстан! Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз.<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген- туған жер.<br>Отан – ана, Отан – үлкен<br>Қазақстан – туған ел!<br>Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.<br><br>Музыка<br>Міндеті: Егеменді елім<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату,әсерлі реңктерін ажырату.<br>Шаттық шеңбері.<br>Мейірімді жүрекпен Ақ пейілді тілекпен Амандасып алайық Бір жадырап қалайық Әдемі достарымызды Сүйіп сүйіп алайық.<br>Ойын «Сыйқырлы дорба» Торсық, қамшы, асық, домбыра. Балалар сыйқырлы дорбамыздың бетінде не бейнеленген Қазақстан мемлекетінің елордасы қай қала?<br>Қимылды ойын «Бәйтерек» Балалар біз бірінші қабаттан кристаллды іздеп болдық,енді екінші қабаттан іздестірейік. Рахмет! Жарайсыңдар! | шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын.<br>Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі<br>кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м.<br>Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы.<br>«НұрАстана» мешіті.Қазақст ан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.<br>Думан ойын - сауық орталығы.<br>Сергіту сәті:<br>Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз<br>«Туған жерді гүлдендірейік» дидактикалық ойыны<br>Сұрақтар қоя отырып, тақырыпты қорытындылау.<br><br>Математика негіздері<br>Міндеті: Бүтін және бөлік<br>Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секір іп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы»<br>дегенде қояндар үйлеріне ж үгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетед і. Ойын бірнеше рет қайталанады<br>Көркем әдебиет<br>Міндеті: Тәуелсіздігіміз мәңгілік Ә.Дәулеткелді Сюжеттік бірізділікті сақтап,көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.<br>Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз.<br>Қазақтан Республикасының әнұраны орындалады.<br>Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз<br>Отан жайлы болмақ.<br>- «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Әр адамның өз Отаны болады.<br>- Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.<br>- Отан біздің атамекеніміз.<br>- Отан біздің | Дауыссыз дыбыстарды ата.<br>6.Ата, әже, ана,бала сөздерін жаз. Суретпен жұмыс.<br>Алма, шар, тау.<br>Логикалық тапсырмалар<br><br>Сөйлеуді дамыту<br>Міндеті :Алғашқы қар Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру .Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Шаттық шеңбері: Қыс келді, қыс иықтап, Қалды аюлар ұйықтап. Қыс келді, қыс мұз, қарлы, Қыраулы да ызғарлы. Қыс келді, қыс боранды. Қырат көрпе оранды.<br>Әңгімелесу. Қыста күн суық, ызғарлы,аязды болады. Қар жауады. Қардан балалар әдемі аққала соғып, сырғанақ жасайды. Қар атысып, ойнайды. Аязды күнде біздің тереземізге аяз оюлар салады, оны «қырау»<br>дейді. Үйдің шатыры, ағаштыңбасы,жердің барлығы аппақ қарға енеді.Қар суық, оны қолғапсыз ұстауға болмайды. Қыста адамдар жылы киініп жүреді, өйткені күн суық.Жұмбақ. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. ( Қар) | Дене шынықтыру.<br>Міндеті :Менің көңілді добымТөзімділікке тәрбиелеу.Команда болып тапсырмаларды орындауға баулу.<br>Жалқаулықты тастаймыз<br>Жаттығуды бастаймыз<br>Қиынсынып қашпаймыз<br>Шынығамыз жастай біз<br>Жаттығу жасау.<br>Б. қ тік тұру<br>Қол жоғарыға 4 - 6рет<br>Қолды жанға көтеру<br>Б. қ келу<br>Музыка ырғағымен тізені сәл бүгіп, жан - жаққа бұрылу<br>1. Б. қ тік тұру<br>Қолды жоғары көтеріп<br>Қол соғ<br>4. Б. қ келу Добым менің добым Өзің неткен көңілді едің Зымырайсың, құтыңдайсың Бірақ менен құтылмайсың .<br>Бүгін біз доп әлеміне саяхат жасаймыз<br>Ал енді кетік<br>Бірінші аялдамаға келіп жеттік<br>Балалар бұл аялдамада «Доптың пішіні» Ауланы да аралап Добым кетті домалап Кәне, тыныш жат, добым Секіремін үстіңнен<br>Балалар доптың пішін қандай болады?<br>Дұрыс, домалақ<br>Доп не істей алады?<br>допты жерге ұрғылағанда | Ойын «Туған жерді гүлдендір!»<br>Балалар біз Отанымыз жайлы білетіндерімізді көрсете білдік. Елімізде тыныштық болсын,отанымыз гүлдене берсін деген тілекпен мына картаға гүлдерді жабыстырайық.<br><br>Математика негіздері<br>Міндеті: Бүтін және бөлік Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету<br>Шаттық шеңбері.<br>Ұйымдастыру кезеңінде балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Мен кішкентай баламын<br>Мен мектепке барамын<br>Жақсы оқып сабақты<br>Кілең бестік аламын<br>Сәлемдесіп достармен<br>Қуанып бір қаламын!<br>Амансың ба, шуақты күн!<br>Амансың ба, мейірімді аспан<br>ата! Жарайсыңдар, балаларЕртегіні тыңдау.<br>Ал аю оларды қалай татуластырды? (алманы бәріне тең бөліп берді)<br>Жарайсыңдар, балалар! Ертегіні жақсы біледі екенсіңдер.<br>-Сендер алманы жақсы көресіңдер ме? Ол несімен пайдалы?<br>(өйткені онда дәрумендер | бөліктерге бөлуге үйрету<br>Амандасу.Шаттық шеңбері: Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай.<br>Жаңалық ашу.<br>Кемпірқосақта қанша түс бар болса, аптада сонша күн бар.Балалар түстермен сәйкестендіріп апта күндерін айтады. – Бір апта бойы не болғанын айтыңдар? – Сендер апта күндерінің атауын білесіңдер ме?<br>Сурет бойынша аптаның әр күні балалардың не істегенін айтыңдар<br><br><br>Сергіту сәті<br>Апам үшін күнде мен, Отынға ағаш жарамын. Су құямын гүлдерге, Дүкенге де барамын. Сыпырымын үй-ішін, Жуамын ыдыс-табақты. Жылай қалса бөпешім, Жұбатамын ойнатып! Ойлан тап!<br><br><br>Кері байланыс жасау: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғатымыз,<br>айналамызды қоршаған<br>орта.<br>- Біздің Отанымыз,<br>еліміз өте бай, өте әдемі.<br>- Біздің<br>Отанымыз- Қазақстан!<br>Ермек Өтетілеудің<br>«Менің Отаным» атты<br>өлеңімін танысамыз.<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген- туған жер.<br>Отан – ана, Отан – үлкен<br>Қазақстан – туған ел!<br>Өлеңнің мазмұнын,<br>мағынасын балаларға<br>түсіндіру.<br><br>Шығармашылық<br>бейнелеу Міндеті:<br>Қуыршаққа арналған<br>сәнді киім Қағазды екіге<br>бүктеу әдісі арқылы киім<br>пішу,<br>жапсыру ,құрастыру,<br>суретін салу,мүсіндеу<br>дағдыларын<br>қалыптастыру Жұмбақ<br>шешу<br>Бөбектердей бүлдіршін,<br>Киініп тұр бір мүсін.<br>Ол қаз басып жүрмейді,<br>Сөйлемейді,<br>күлмейді. Жауабы: Қ<br>УЫРШАҚ<br>Қуыршақ-бұл қыз<br>балалар<br>ойнайтын ең көп тараған<br>ойыншық. Қуыршақтар<br>бала- лар ойыншығы | Сергіту сәті:<br>Аппақ қылып өңірде,<br>(алақандарын ашу )<br>Қар жауды,қар жауды!<br>(қолдарын сермеу)<br>Көңілдібалалар<br>(қолдарын<br>шапалақтайды)<br>Қызығып секірді,<br>секірді.(орындарынан<br>тұрып секіру)<br>Дидактикалық ойын. «Қар<br>жинау»<br>Қар туралы бейнетаспа<br>көрсету. Ал,енді балалар<br>бәріміз осы ұлпа қардың<br>суретін көк парақтың<br>бетіне ақ бояумен таза<br>ұқыпты жұмыс жасайық.<br>Сурет салып жатқанда жәй<br>дауыста үнтаспа қойылады.<br>1.Балалар қылқаламды<br>ауада жүргізеді.<br>2Қағаз бетіне жұмыс<br>жасайды. Балалар алғашқы<br>жауып тұрған қарды<br>салады.<br>Балалардың жұмысын<br>бағалау. Мадақтау.<br>Жұмыстарын тақтаға ілу.<br>Сергіту сәті.<br>Гүлге оранып сәулетті<br>көшелерім Самалымен<br>сауығып,өсер елім!<br>Қаламызды сүйеміз,<br>көркемдейміз,<br>Қайратты боп өсеміз,<br>өркендейміз!<br>Сурет бойынша әңгіме<br>құрау. Балалар өздерінің<br>туған қаласы немесе ауылы | доп секіреді<br>Ал енді біз доп сияқты<br>секірейік<br>Жарайсыңдар балалар<br>Ал енді екінші аялдамаға<br>кеттік.<br>Келесі аялдама «Доптың<br>түсі» Ойнағанда добымыз<br>Көңілді болып кетеді Тату<br>болсақ өзіміз Бәрімізге<br>жетеді<br>Балалар доптың түсі<br>қандай болады?<br>Дұрыс, сары, қызыл,<br>жасыл, күлгін доп әр түрлі<br>болады<br>Ал енді, біз доп сияқты<br>домалайық<br>Жарасыңдар балалар<br>Келесі аялдама «Допты не<br>үшін қажет?»<br>Спорт - досың әрқашан<br>Керек балабақшадан Доп<br>тебеміз, күлеміз Спортты<br>біз сүйеміз<br>Балалар доп не үшін<br>қажет?<br>Доп ойнау үшін керек<br>Допты қалай ойнайды?<br>Лақтырып, жерге ұрғылап,<br>домалатып ойнайды<br>Ал енді балалар поезге<br>мінейік өз балабақшамызға<br>қайтайық. Қ. Ойын:<br>«Аңшы мен үйрек»<br><br>Сөйлеуді дамыту<br>Міндеті :Алғашқы қар<br>Дауыссыз дыбыстардың<br>дыбысталу ерекшеліктерін<br>түсіндіру .Дауыссыз дыбыс | көп)<br>Алма қандай? Пішіні,<br>түсі, дәмі, көлемі<br>(домалақ, қызыл, тәтті,<br>шырынды, үлкен)<br>Жақсы, балалар. Ал бұл<br>алма бүтін бе? (ия)<br>Қазір мен алманы<br>пышақпен бөлемін.<br>Мен алманы не істедім?<br>(бөлдіңіз)<br>Алманы қалай бөлдім?<br>(қақ ортасынан)<br>Алма енді нешеу болды?<br>Енді алма бүтін бе жарты<br>ма? (жоқ, екі жарты<br>болды))<br>Мынау не? (ол алманың<br>бөліктері)<br>Алманы бөлгенде екі<br>жарты, екі бөлік болды.<br>Енді балалар<br>айтыңдаршы біз бүгінгі<br>сабақта не көрдік, не<br>білдік? (бүтін затты<br>бөлікке бөлуге<br>болатынын)<br>Дұрыс, балалар! Біз кез<br>келген затты екі, үш, төрт<br>одан да көп бөлікке бөле<br>аламыз.<br>Енді осыны білу үшін<br>бүгінгі математика іс-<br>әрекетінде затты тең екі<br>бөлікке бөлуді<br>үйренейікші.<br>Балалар, ұзын бір<br>лентадан неше лента<br>шықты?<br>Енді бір бөлігін<br>көрсетіңдерші. Лента тең | смайликтер арқылы<br><br>Қоршаған ортамен<br>таныстыру<br>Міндеті: Менің елімнің<br>салт-дәстүрлері Қазақ<br>халқының салт-дәстүрлері<br>туралы білімдерін кеңейту.<br>(Ғажайып сәт)<br>-Балалар қараңдаршы,<br>менің қолымда түрлі-түсті<br>ленталар бар. Балалар бір-<br>бірден лентаны қолдарына<br>ұстап, жоғарыға көтереміз.<br>-Түрлі-түсті ленталардан<br>не құрастырылды?<br>- Біз шаңырақты қайдан<br>кездестіреміз?<br>Шаңырақ –бейбітшілік,<br>қорғаныс және бірліктің<br>символы, жайлы үйдің<br>символы. Балалар мен<br>сіздерді киіз үйдің ішіне<br>шақырамын, жайғасып<br>отырыңдар<br><br><br>Балалар , мынау қандай<br>дәстүр? Не үшін бұл<br>ырымды жасаймыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болғандықтан пластмасса материалдан жасалады, қазіргі уақытта олардың қимылдап жүретін, сөйлейтін түрлері көп. Ұлттық<br>қуыршақ, театрда қолданылатын, күнделікті ойын қуыршақтары.<br>Балалар, қане бойымызды Сергіту  сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі Кіп -кешкене балалар Үлкен болып өседі.<br>Балалар, енді ойын ойнайық. Д/О «Қуыршақты киіндіру»<br>Балалар , енді қуыршаққа қысқы киімдерді кигізіп көрейік бас  киім, кеудеше, шалбар, етік.<br>Балалар, сендер енді өздерінің қуыршақтырыңды киіндіресіңдер.<br>Ұл балаларға ұл баланың суреті қыздарға қыз баланың суреті үлестіріледі.<br>Әр баладан кигізген киімдері мен түстерін сұрау.<br>Айзере, қуыршағының аты кім?<br>Күртешесінің түсі қандай?<br>Шалбарының түсі қандай?<br>Аяқ киімнің түсі қандай?<br>Бас киімінің түсі қандай? | орналасқан облысты атайды және қай бөлікте орналасқанын айтады (оңтүстік,солтүстік,батыс,шығыс)<br>. Өздірі тұрып жатқан қаладағы көрнекі жерлер, табиғаты, халқы<br>немен<br>айналасатынынәңгімелейді.<br>Балалар әңгімені тыңдап, өздері тұратын өлкеде өсетін гүлдерді,туған өлкенің табиғатын сурет бойынша әңгімелейді.<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Менің туған өлкем Туған өлке әр адамның туып өскен жері,атамекені екенін түсіндіру.<br>Қолдарын кеуделеріне қойып,  «Менің Қазақстаным» әнұранымызды шырқаймыз Балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді әнұраннан бастаған себебіміз бүгін біз, Отанымыз-Қазақсан және туған өлкеміз Амангелді ауданы туралы айтамыз.<br>Суретпен жұмыс.<br><br>-Балалар біздің республикамыз қалай | түрлерін ажырата білуге баулу. Қуаныш шеңбері:<br>Қонақ күту салатымыз,<br>Оқып-біліп жатырмыз,<br>Келген қонақ сізге, Сәлем бердік жалпымыз,<br>Жалқаулықты тастайық,<br>Сабақта біз бастайық Білім жолымен жүрейік,<br>Қиындықтан қашпайық.<br>Жақсы, балалар !<br>Енді орнымызға отырайық.<br>Бүгін біз алғашқы қар жайлы ойымызбен бөлісетін боламыз. Балалар суретке назар аударайықшы.<br><br>Енді  оқу іс әрекетімізге кірісейік.<br>Бүгін біз бұлттардан жапалақтап келе жатқан қарды қылқаламмен, ал жерде жатқан қарды таяқшамен саламыз.<br>-Бір-бірімізге бөгет жасаймай, ұқыпты орындаймыз.<br>-Балалар қолдарын шаршап қалды ма?<br>-Сергіту сәтін орындасақ қайтет ?<br>Сергіту сәті : Ауадан қуат алайық, Алақанға салайық,<br>Жерден нәр алайық,<br>Алақанға салайық,<br>Күннен шуақ алайық, | бөлінді ме?<br>Жарайсыңдар, балалар!<br><br>Қазақ тілі<br>Міндеті:  Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік елтаңба Мемлекеттік елтаңбаны сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Шаттық шеңбері<br>Менің Отаным өте сұлу!<br>Менің Отаным өте бай!<br>Менің Отаным әдемі!<br>Мен Отанымды, рәміздерімді мақтан етемін!<br>Балалар шеңберге тұрып, бір- зіміздің туған жеріміз – Отанымыз туралы әңгімелесеміз.<br>Балалар біз қандай мемлекеттке тұрамыз?<br>Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз. Қазақстан Республикасының астанасы қандай?<br>Біздің ұлтымыз қандай?<br>Біз қай тілде сөйлейміз?<br>Ал. Сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме?<br>Сергіту сәті:<br>«Қара жорға»<br>Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті қалам».<br>Ойынның шарты: балалар дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы «Сүйікті қаланды ата!» деп, допты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Т.б Балалардан бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, немен айналысқандарын, сұрау. Жасаған жұмыстарына кері байланыс жасау , мадақтау | аталады?<br>-Біздің отанымыздың президенті кім ?<br>-Қазақстан республикасының рәміздерін атандаршы?<br>- Қазақстан республикасының бас қаласы, астанасы қай қала? Біз қай тілде сөйлейміз? Жарайсыңдар.<br>Балалар жана біз Отанымыз туралы еске түсірдік. Ал енді өзіміздің туған өлкеміз Қостанай облысы, Амангелді ауданымыз жайлы айтайықшы.<br>Ендеше туған өлкеміз Амангелді туралы шағын бейне көріністі тамашалайық.https://www.youtube.com/watch?v=TFJNFrxufX4<br>Кері байланыс жасау: смайликтер арқылы | Алақанға салайық,<br>Күн шуағын апайларға сыйлайық!<br>- Қыс мезгілі-Қар жауады, күн суытады.<br>-Үйлердің, ағаштардың, жолдардың.<br>Бір-біріне бөгет жасамайтындай отырып, таяқшаларын ақрындап малып, қағаз бетіне сүйкеп жағу арқылы қардың суретін салады.Сүрткіштерге қолдарын сүртіп, таяқшаларды орнына қояды.<br>Өзін-өзін бағалау Қандай әдемі суреттер !<br>Балалар ортаға шығып бір-бірімізгбен бөлісейікші.<br>Балаларды оқу іс әрекетіне белсене қатысқаны үшін мадақтау.<br><br>Математика негіздері<br>Міндеті: Салмағы бойынша тең және тең емес заттар Заттарды қолға алып салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.<br>Үстелге екі бірдей балалар арқақоржынын қойып, балаларға сұрақ қоямын:<br>Мына арқақоржындар туралы не айта аласыңдар?<br>Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?<br>Масса туралы не айтуға | бір балаға лақтырады.<br>Бала жауабын айтып, келесі балаға лақтырады.<br>Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады.<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>Ту, елтаңба, әнұран<br>Менің сүйікті қалам – Астана!<br>Менің сүйікті қалам – Алматы! Менің сүйікті қалам – Ақтөбе!<br>Бекіту:Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады?<br>Қазақстан Республикасының рәміздері не жатады?<br>Балалар, Қазақстан қазба байлықтарға өте бай.<br>Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуіміз керек.<br>Балалар толық жауап береді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болады? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?<br>Мұны түсіну үшін не істеу керек?<br>Балалар арқақоржындардың пішіні, өлшемі, түсі, материалы бойынша бірдей екенін айтады. Салмақ туралы болжамдар айтады.<br>Балалар салмақты көзбен анықтау мүмкін емес, қолға алып, салыстыру керек деген қорытындыға келеді.<br>Қорытындылап, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасаймын.<br>Тапсырма. Суреттерге қараңдар. Жағдаяттың сипатыбойынша ауыр және жеңіл арқақоржынды анықтап, белгіле.<br>Сергіту сәті.<br>Орман алаңына жеңіл адымдап, ешқандай жүксіз шыққанымызды елестетіңдер.Бұталар мен төмпешіктен Аттап өтіп жеңілдікпен,Бұтақтар мен томарлардан Секіріп өтіп оңайлықпен Ұзақ-ұзақ жүріп келдік, Шаршадық деп берілмедік. Енді жеттік, тоқтадық, Кел, достарым, жайғасып, Отырайық демалып. Тынығамыз, күш жинаймыз, Балалармен бірге қарбызды теңестіру үшін неше алма салу | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | керектігін анықтайды. Ал енді арқақоржынға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіңдер. Қалай қимылдаймыз?<br>Д. Ойын: «Ауыр – жеңіл», «бірдей». Балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынамын: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай- ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынамын.<br>Алманың суретін салады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс.<br>Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді.<br>Мадақтау | | |
| **Екінші таңғы ас** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>"Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау.<br>"Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау.<br>Мысалы: "Мынау сары | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету.<br>Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет").<br>Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br>Балаларға:Үстелді таза ұстау.<br>Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу.<br>Балалардан алдарына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | май, сары түсті, жұмсақ", "Бұл - нан, ол хош иісті". **Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | **Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | жинастыруға көмектесу. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | Киімдерін сөрелерден ұқыптылықпен алуға, дербестікке дағдыландыру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру **Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту** | Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы№1 Қардың жұмсақтығы" Бақылау:** Қардың түсі, жұмсақтығы, суықтығы туралы әңгімелесу. "Қарды ұстасаң не болады?" тәжірибесін өткізу (қар ериді). **Қимылды ойын: "Қар лақтыру":** Белгіленген қашықтықтағы нысанаға | **Серуен картотекасы №2 "Аязды күн" Бақылау:** Аязды ауа-райын бақылау, ауызбен тыныстағанда шыққан буды қарау. "Терезеге мұз өрнектері қалай пайда болады?" туралы түсіндіру. **Қимылды ойын: "Қар үстінде із қалдыр":** Әр бала ерекше із қалдыру үшін жүгіреді, секіреді. | **Серуен картотекасы№3 "Қардың түрлері" Бақылау:** Жаңа жауған қар мен ескі қарды салыстыру. Қарды қолға алып, еруін бақылау. **Қимылды ойын: "Қардан мүсіндер жасау":** Қардан аққала немесе жануарлардың бейнелерін жасау. **"Қар тастау":** Белгіленген | **Серуен картотекасы№4** **Бақылау:** Мұздың бетін бақылау, оның суық және тайғанақ екенін байқау. "Қалай мұз ерітеміз?" тәжірибесі. **Қимылды ойын: "Мұз үстінде жүру":** Балалар арнайы жолаққа мұз үстінде жүруді үйренеді. | **Серуен картотекасы№5 "Қысқы жануарлар әлемі" Бақылау:** Құстардың және қысқы жануарлардың іздерін қарау (ит, мысық). Қыста жануарларға қалай көмектесуге болатынын әңгімелеу. **Қимылды ойын: "Ормандағы қояндар":** Балалар қоян болып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарды дәл лақтыру.<br>**"Қардан үй тұрғызу":** Балалар топпен жұмыс істеп, қардан шағын үй жасайды.<br>**Ұлттық ойын:**<br>**"Ақсерек, көксерек".**<br>**Еңбекке баулу:**<br>Қар тазалау үшін кішкентай күректермен аула тазалау.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар қармен ойнап, өз қалауларынша бейнелер жасап көрінеді.<br>**(Ұлттық құндылық, экологиялық мәдениет, еңбекке баулу,қамқорлық , шығармашылық дағдалырды қалыптастыру )** | **"Шанамен жарыс":** Белгіленген қашықтықта балалар жарысады.<br>**Ұлттық ойын:**<br>**"Теңге алу":** Шанамен сырғанағанда жерден теңгені іліп алу.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Ауланы мұздан тазарту (кішкене күректерді пайдалану).<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар қармен сурет салу (таяқшамен).<br><br>**(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру Шығармашылық дағды )** | қорапқа немесе шеңберге қарды лақтыру.<br>**Ұлттық ойын:**<br>**"Қарға түскен ізді тап":** Балалар бір-бірінің іздерін табады.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Ауланың қар басқан ағаш бұтақтарын тазалау.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар өздері ойлап тапқан мүсіндерді жасайды.<br><br>**(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу )** | **"Кім жылдам":** Қардан доп жасап, кім жылдам домалататынын көреді.<br>**Ұлттық ойын:**<br>**"Қар бүршігі":** Балалар қарға отырып секіреді, кім алысқа барады.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Мұзды қауіпті жерлерден алып тастау.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар мұзды қолмен ұстап көріп, ерекше формаларын жинайды.<br><br>**(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру )** | секіреді, түлкіден қашады.<br>**"Аю мен аңдар":** Балалар аюдан жүгіріп қашады.<br>**Ұлттық ойын:**<br>**"Жеті тас":** Қардан жасалған шарларды жинау.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Құстарға арналған жемсалғышты қардан тазарту және жем шашу.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар табиғатпен өзара әрекет етеді (қарды ұстап, жануарлардың ізін бақылау).<br><br>**(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу<br>**Жеке гигиенаны сақтауға баулу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Өзіне –өзі қызмет етуге баулу** |
| **Түскі ас** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
